



ТӨЛЕБИ ТҮЙ



ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

№3 (8763) Жұма, 24 қаңтар 2025 жыл.

Біздің веб-сайт: <http://www.tolebituy.kz/>

Электронды почта: tolebi_tuy@mail.ru

Әлеуметтік нысандардың жай-күйін зерделеді



Түркістан облысы әкімінің орынбасары Ертай Алтаев Төлеби ауданына жұмыс сапарымен келіп, білім, спорт, мәдениет, дін істері және жастар саясаты салаларына қатысты нысандардың жай-күйімен танысты. Ол Зағамбар елді мекеніндегі Әл-Фараби атындағы жалпы білім беретін мектепке барды. 2000 жылдың басында ауыл тұрғындары асарлатып тұрғызған білім ордасына 2018 жылы қосымша ғимарат соғылған. Облыс әкімінің орынбасары білім ошағының жай-күйіне баса мән беріп, ұстаздармен тілдесті. Мектепте ақпараттық көрнекіліктерді жаңартып, оқушылардың араласып білім алуы қажеттігін айтып, ұстаздарға сапалы білім, саналы

тәрбие беріп, өз қызметтерін адал атқаруды тапсырды. Жауаптыларға оқушылардың сапалы білім алуына барлық жағдай жасалуы керек екенін айтты.

Қазіргі таңда білім ошағының оқу корпусына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу қажеттігі жөнінде облыстық білім басқармасына ұсыныс берілген. Қаржы бөлініп, құрылыс жүргізілсе, мектептің жиһаздары мен компьютерлерін жаңарту жоспарлануда.

Облыс әкімінің орынбасары мұнан соң Түркістан көпсалалы-техникалық колледжінің жұмысшы мамандықтарының оқу базасына барып, студент жастармен кездесті.

Ертай Алтаев Көксәйек елді мекеніндегі «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы аясында салынып жатқан спорт кешенінің құрылыс барысымен танысты. Республикалық бюджет қаржысына мердігер мекеме «Корпорация Алем-құрылыс» ЖШС құрылыс жұмыстарын жүргізуде. Атқарылып жатқан құрылыс жұмыстарын жіті бақылаған әкім орынбасары мердігер мекеме өкілдеріне сын-ескертпелерін айтты. Сондай-ақ құрылыс жұмыстарының сапалы атқарылуын, нысанды жұрт игілігіне уақытылы тапсыруды талап етті. Құрылысы 2023 жылы басталған спорт кешені 250 адамға арналған. Ғимараттың жалпы ауданы 4267,99 шаршы метр. Аталған спорт кешенінің құрылысы биыл аяқталады деп күтілуде.

Біркөлік елді мекеніндегі «Бәйшешек» спорттық-сауықтыру кешеніне барған облыс әкімінің орынбасары спортшылар тынығатын орынды, жаттығу залын аралап көріп, асхананың жағдайына назар аударды. Аталған ғимаратта анықталған кемшіліктерге тоқтала келе, облыстық спорт басқармасының мамандарына оларды ретке келтіруді тапсырып, саланы дамытуға байланысты ұсыныстар беруді, спортты дамыту мақсатында жаңаша бағытта жұмыс істеу керектігін ескертті. Аудандар мен шалғай елді мекендерден жас таланттарды іздеп, спортқа баулуды тапсырды. 1972 жылы негізі қаланған спорттық кешен бір мезгілде 250 баланы қабылдауға қауқарлы. Мұнда күрес, бокс, ауыр атлетика, футбол, волейбол сияқты түрлі спорт түрлерімен айналысуға мүмкіндік бар. Дегенмен, ғимараттың бүгінгі жай-күйі күрделі жөндеуді қажет етеді.

Ертай Кенжебекұлы тиісті басқармалардың мамандарымен бірге Төлеби ауданының музейіне де табан тіреді. Ондағы жәдігерлермен танысып, музей қызметкерлерімен түйткілді мәселелер мен атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде пікірлесіп.

Одан соң Ленгір қаласындағы жеке кәсіпкер Садықованың шахмат, көркем гимнастика және ұлттық би үйірмесінің жұмысымен танысқан Ертай Алтаев балаларды жан-жақты дамытып, қабілеттерін шыңдау зорлықты арттыратынын жеткізді.

Облыс әкімінің орынбасары сондай-ақ, «Нұр» мешітінде дін өкілдерімен кездесіп, аудан аумағындағы рухани жұмыстар жөнінде пікір алмасып, бірлікті сақтау мен өзара ынтымақтастықты нығайту жолдарын пысықтады.

«Төлеби-ақпарат».

Аудан әкімінің қабылдауында

Аудан әкімі Еркеғали Әлімқұлов бекітілген кестеге сәйкес азаматтарды жеке қабылдап, өтініш-талаптарын тыңдады. Тұрғындар көтерген мәселелерді жауапты сала басшыларымен бірге зерделеп, оңтайлы шешу жолдарын қарастырды.

Жеке қабылдауға Көксәйек, Кемеқалған, Киелітас ауылдық округтері, Ленгір және Шымкент қалаларының азаматтары келді. Тұрғындар тұрғын үй, екі ауыл арасын жалғайтын жаяу жүргіншілерге арналған жол, ойын алаңшасын орнату, көшеге



асфальт төсеу мәселелерін көтерді. Сондай-ақ, кітапхана құрылысы, түнгі жарық шамдарын қою, жер, электр жарығына қатысты өтініштер де қаралды. Екі қолға бір күрек таппай жүрген азаматтарға жұмыс ұсынылды. Кәсіпкер өзіне тиесілі жердің нысаналы мақсатын өзгертуді сұранса, инвестор инвестициялық жобасын таныстырды.

Тұрғындардың өтініш-тілектерін мұқият тыңдаған аудан әкімі Еркеғали Амантайұлы көтерілген мәселелер назардан тыс қалмайтынын жеткізіп, шешілуін өз бақылауына алатынын айтты.

Айта кетейік, аудан әкімінің жеке қабылдауына жазылуды Төлеби ауданы әкімі аппаратының өкімшілік және құжаттандыруды қамтамасыз ету бөлімі жүргізеді. Қабылдауға е-otinish бірыңғай базасы арқылы немесе өкімшілік және құжаттандыруды қамтамасыз ету бөліміне келіп, жазбаша өтініш тастау және телефон арқылы жазылуға болады.

Төлеби ауданы әкімінің баспасөз қызметі.

● Мал қыстату – жауапты науқан

Қаратамдағы қыстауда

Ауданда ірі-ленген ауыл шаруашылығы құрылымдарының бәрі бірдей егіншілікпен қоса мал шаруашылығымен шұғылдана бермейді. Сол саусақпен санарлықтай өндірістік кооперативтердің арасында Бірінші Мамыр ауылдық округіндегі Қазыбек Мұздыбаев басшылық жасайтын «Ақбұлақ» өндірістік кооперативі негізі қаланғаннан бері егіншілікпен де, мал шаруашылығымен де шұғылданып келеді. Жаз айларында арпасы мен бидайын да орып алады, мал азығын да жасақтап үлгереді.

Ақбұлақтықтар Екпінді ауылы маңындағы бұрыннан Қаратам деп аталатын қорада жыл сайын мал қыстату науқанын өткізіп келеді. Қаратамдағы қыстауды көненің, дәлірек айтсақ, ескінің қалған көзі десек те болады. Бұрындары кеңестік дәуірде қыс айларында қоғамдық малға осы қорада күтім жасалынатын. Ақбұлақтықтар бұл қыстауға тиісінше жөндеу жұмыстарын жүргізуді ұмытқан емес.

Өндірістік кооператив малшыларының биылғы мал қыстату науқанын қалай өткізіп жатқанын білмек ниетте шаруашылық басшысы Қазыбек Мұздыбаевпен хабарласқанбыз.

– Шаруашылықтың 220 бас уақ малы мен 50 жылқысы бар. Оның 30-ы бие. Алдағы көктемде саулығымыз төлдеп, биелеріміз құлындайды деп үміттеніп отырмыз. Уақ малға шопанымыз Қошқар Мырзақұлов, табынға жылқышымыз Әлжан Өскенбаев өз отбасыларымен күтім жасайды.

Қаратамдағы қыстауға жемшөп дайындау науқанында жеткілікті мөлшерде тайланған жоңышқа жеткізіп алғанбыз. Дәлірек айтсақ, уақ малға 4 мың данадан астам, жылқыға 2,5 мың данаға жуық

тайланған жоңышқа жасақталды. Бұған қоса сабанымыз да бар. Уақ мал мен жылқыға жеткілікті мөлшерде жем жеткізіп бердік. Бір сөзбен айтқанда, шөптен де, жемнен де қысылмай, малды қыстан қоңды шығаруға толық мүмкіндіктері бар. Ретіне қарай Қаратамда жиі болып, малшылардың жағдайын, малдың күйін біліп, қолдан келгенше қолдау көрсетіп тұрамыз, – деді ол.

«Малдың жайын баққан білер» демекші, ақбұлақтық малшылардың биылғы қыстан қолдағы уақ мал мен жылқыны қоңды шығарып, науқанды шығынсыз аяқтайды деген сенімдеміз.

– Мал қыстату науқанында малшы қауымға қыстың қытымыр аязды, боранды күндері оңай соға қоймайтыны аян. Қорадағы малға сыртан жемшөбін тасып жеткізіп беру, уақытылы суару, түнгі ұйқыңды қиып, бақылауда ұстау оңайға соға қоймайды. Қар қалың түсіп, қыстауға көлікпен жете алмайтындай ауа райының қолайсыз күндерінде екі араға атпен болса да қатынап, жағдайларын біліп, қажетті азық-түліктерін жеткізіп беріп тұрамыз.

Малшыларымызға айына орташа есеппен 200 мың теңгеден айлық жалақы төлейміз. Еңбекақыларын кешіктіріп берген кезіміз болған емес. Қарапайым еңбек адамдарына барынша қамқорлық жасау біздің ең басты міндетіміз, – дейді өндірістік кооператив төрағасы.

С.ОРЫНБАСАР.

«Ақбұлақ» өндірістік кооперативі.
Бірінші Мамыр ауылдық округі.

● Президент сұхбатына орай

«...Мен түрлі жиындарда жастарымыз туралы жиі айтамын. Өйткені олардың болашағын ойлап, шын жүректен тілелестік білдіремін. Еліміздің тағдыры – жастардың қолында. Біз отаншылдығын нақты ісімен көрсететін, әрі мәдениеті жоғары ұрпақ өсіруге міндеттіміз. Реформаның бәрін жастардың игілігі үшін жасап жатырмыз. Бұл әншейін әдемі сөз емес, мемлекет стратегиясының түпкі мәні.

Бүгінгі жастар біздің жас кезімізге қарағанда көп біледі. Қазіргі технология дәуірінде бұл – қалыпты нәрсе. Қазақстанда дарынды, білімді әрі мақсатына ұмтыла білетін қыз-жігіттер көп. Дәл сол себепті мен жастарға сенемін деп жалықпай айта беремін...»

(Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ «Ана тілі» газетіне берген «Мақсатым – экономиканы және егемендікті нығайту» тақырыбында берген сұхбатынан).

Мен ұстазбын. Ұстаз болғаннан кейін сабақта өтілетін жаңа тақырыпқа қатысты мемлекет басшысының Жолдауларынан, Ұлттық Құрылтайда, түрлі жиындар мен басқосуларда сөйлеген сөздерінен үзінді келтіріп, өз ойлары мен пікірлерін білдіру үшін өңгімеге тартып отырамын.

Ұстаздардың қай-қайсысы болса да, шәкірттері қай салада еңбек, қызмет етсе де, жетістіктерге жетсе, мақтан тұтады. Бұл ұстаз еңбегінің еш кетпегенінің айқын дәлелі. Газет журналисі қазақ жастарының білім

Бүгінгі жастар – ертеңгі ел болашағы

қуып немесе жұмыс іздеп шет елге шығуы туралы да сауал қойыпты. Алысқа ұзамай-ақ қоялық, біздің мектептің түлектерінің кейбірі Кореяда, Европа елдерінде жұмыс істеп жүр. Олардың дені қара жұмысқа жегілгенімен, тапқан табысы біздің елмен салыстырғанда, жоғарырақ болса керек. Абай атамның өзі есектің артын жусаң да, мал тап деген емес пе. Адал еңбектің наны қашанда тәтті. Олар отбасына шет елден қаржы жіберіп, көмектесіп тұратын көрінеді. Естүімше, шет елге жұмыс іздеп кеткен кейбір қазақ жастарының сол елдің азаматтығын қабылдап, туған жерін ұмытып, қалып қойғандары да бар деп естимін. Әрине, «Ер туған жеріне, ит тойған жеріне» демекші, бұл жақсылықтың нышаны болмаса керек.

Шет мемлекеттерде білім алған қазақ жастарының өте дарынды, қабілетті екендігін шет елдіктердің өзі де танып, мойындап жүр. Ондай жастарды өздерінде алып қалу үшін барынша жағдай жасап, қолдау білдіретіні анық. Мәселен, жалақысын барынша көтереді, тұрғын үймен қамтамасыз етеді дегендей, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына барынша қолдау көрсетіп бағады. Қолынан іс келмейтіндерді олар маңайына жолатпайды. Біздің мемлекетімізде де дарынды, талантты, білімді де білікті маман жастарымызға барынша қолдау көрсетіліп жүр ме? Қаншалықты білімді, білікті маман болса да, туған еліне оралған соң өзінің лайықты орнын таппаған,

қолдау көрсетілмен мықты жастарымыз шет мемлекеттерге қайта кетіп жатса, мұның өзі шешімін таппаған ең өзекті мәселе.

Мемлекет басшысы өз сұхбатында: «...Азаматтарымыз шетелде жүрсе де, халқымыздың салт-дәстүрі мен мәдениетін дәріптеп, еліміздің абырой-беделін арттыруға атсалысып, Отанына пайдасын тигізе алады. Қазақстан деген брендті әлемге таныту да маңызды миссияның бірі. Дегенмен шет елге шығу «Барсакепмеске» кету деген сөз емес. Ұл-қыздарымыз жаңа технологияларды меңгеріп, тәжірибе жинақтап, Қазақстанға оралғаны жөн. Елімізде білікті мамандардың аяғын жерге тигізбей, қағып әкететін салалар көп. Үкіметтің міндеті – олардың өз Отанында табысты еңбек етуіне жағдай жасау...», – дейді.

Меніңше, біздің білімді, білікті, нағыз маман жастарымыздың ең басты қалауы осы, халқымызға қызмет ету болса керек. Еліміздің болашағын да осындай дарынды, талантты, білікті, білімді қазақ жастарының қолына ұстатқанымыз жөн.

Ж.ШАЛБОСЫНОВ,

Әл-Фараби атындағы жалпы орта мектеп директорының орынбасары.



«Төлеби туы» («Ильич жолы») газетінде редактордың орынбасары болып ұзақ жылдар бойы қызмет атқарған, өкініштісі зейнеткерлікке шықпай бақылық болып кеткен марқұм Нұсрат Ахметов ағамызды мен мектеп қабырғасында жүргеннен бастап білемін. Оқушы кезімде аудандық газетке мектеп өмірінен шағын хабарлар жолдап тұрдым. Кейіннен шопандар мен сауыншылар, бақташылар, жалпы еңбек адамдары туралы қалам тарта бастадым. Ленгірге жолым түскенде, газет редакциясына келіп кетуді әдетке айналдырдым. Мені өзіне жақын тартып, алғашқы ақыл-кеңестерін айтқан газет қызметкерлері Нұсрат Ахметов пен Кәдірбек Баударбеков және басқалар болды.

Мектеп бітірген 1974 жылы жоғары оқу орнына құжат тапсырған едім, жолым болмай ауылға қайттым. «Ильич жолының» редакциясына соғып, газет редакторы Әбдіраш Сағындықовқа жолығып, жұмысқа қабылдауын өтіндім.

– Корректорлыққа қабылдаймын, газетке қол қойылатын күндері түннің бір уағына дейін жүріп қалуың мүмкін. Ленгірде тұратын ағайын-туыстарыңның үйі бар ма? Ауылыңнан қатынап жұмыс істей алмайсың. Ойланып көр, – деді.

– Ленгірде тұратын туыстарым жоқ, сау болыңыз, – деп кабинетінен шығып кеттім. Ауылда фермада жұмыс істеп, келер жылы оқуға түстім.

Жоғары оқу орнын бітірген соң Қызылорда және Шымкент қалаларында орта мектепте мұғалім болдым. 1982 жылы ұмытпасам, қаңтар, ақпан айларында болса керек. Шымкентте мектепте сабағым біткен соң Қ.Сәтбаев атындағы орта мектепке бардым. Әйелім осы мектепте комсомол ұйымының хатшысы болып жұмыс істейтін. Жиналыс өтіп жатқандықтан, мектеп ауласында біраз уақыт күтіп тұруыма тура келді. Жиналыс біткен соң әйелім бір жігітпен өңгімелесіп келе жатты. Сөйтсем, бұл мектептегі бала кезімден хат алмасып, кейіннен ол Абай атындағы колхозда аға балташы, мен «Бірінші Мамыр» совхозында бұзаушы болып жүргенімізде хабарласып тұрғанымызбен, кемі 6-7 жылдан бері көріспеген досым, кейіннен өзімнің бас редакторым болған Әбекең –

Аудан шежіресінен сыр шерткен Ахмет ишан әулеті

Әбдімәлік Рахманқұлов екен. Хал-жағдай сұрасып дегендей, өткен-кеткенді еске түсірдік. «Ильич жолының» ауыл шаруашылығы бөлімінің тілшісі қызметінен жақында облыстық комсомол комитетінің нұсқаушысы лауазымына тағайындалыпты. Ұзын сөздің қысқасы Әбекең маған:

– Ертең Ленгірге барып Сағындықовтың қабылдауына кір. Менің орным қазірше бос тұр. Сені жұмысқа қабылдайтын болар, – деді. Әбекеңнің айтуымен келер күні редакцияға келгеніммен, бірден редактордың есігін қағуға жүрексініп, алдымен Нұсрат ағайға барып жолықтым. Ол кісі мені редактордың қабылдауына алып кірді, қаламымның желі барын айтып, аздап мақтаңқырап қойды. Облыстық «Оңтүстік Қазақстан» және басқа да басылымдарға түрлі тақырыпта мақалаларым, өлеңдерім жарияланып жүргенін айтты.

– Мақала жариялана береді ғой, қолжазбаларды өңдеп дайындай алады десен, ол басқа өңгіме. Қолына редакцияға түскен өңделмеген бір-екі қолжазбаны ұстат. Маған соны өңдеп әкеліп көрсетсін, – деді.

Редактордың кабинетінен шыққан соң Нұсрат аға мені мәдениет және тұрмыс, еңбекшілер хаттары бөліміне ертіп барып, бөлім меңгерушісі Зейнегүл Қатшыбековамен таныстырды.

Ол менің қолыма өңдеуге екі қолжазба ұстатты. Есімде қалғаны, сол қолжазбаны бірінің иесі өзім сырттай жақсы білетін Көшкінбай Елікбаев ағамыз екен. Зейнегүл маған:

– Редактор қолжазбаны барынша көбірек сызғанды ұнатады, бір сөзді екі рет қайталамағанды, синонимін қолданғанды өте жақсы көреді, – деп ақыл қосты. Өлгі екі қолжазбаны шамамен келгенше өңдеп, Әбдіраш ағаның алдына алып бардым.

– Көшкінбай Елікбаевты білесің бе? – деді маған.

– Білемін, Совет орта мектебінің мұғалімі.

– Көшкінбайдың Сарыағаш аудандық газетінде қызмет атқарғанын ше? – деді.

– Ол жағын естіген емеспін, – деп шынымды айттым.

– Сен ауылыңа қашан барасың? – деді редактор.

– Бүгін барамын, – дедім.

– Бүгін барсаң, шаруашылықтан бір мақала жазып әкеліп маған көрсет, – деді.

Ауылда қойдың соңында жүрген ағаларымыздың бәрін дерлік танымын. Сөтіп салғанда автобустан түскен кезімде Балға Тұртаев деген совхоздың қойын бағатын ағамыз бар еді, атқа мініп қорасына қарай бара жатқан сол кісіге

жолығып қалып өңгімеге тарттым.

– Інім, мен туралы газетке жазамын дейсің қарайтыным кілең ақсақ-тоқсақ, ауру-сырқау уақ мал ғой. Біздікің ЛСП-і (санитарлық емдеу бекеті) турасынан айтқанда, «уақ малдың ауруханасы» дейді, – деді.

– Мейлі, көке, қораңызға барып бәрін өз көзіммен көрейін, – дедім.

Келесі күні әлгі пункттен көрген-білгенім жөнінде мақала жазып барып, Әбдіраш ағаның қолына ұстаттым. Қолжазбама бір көз жүгіртіп шықты да:

– Ауылға арнайы барған екенсің, ауру-сырқау қой бағатыннан басқа қойшы таппадың ба? Дегенмен, аяқ алысың тәуір сияқты, бар, қолжазбаңды мәшинкеге, Құрмаш апайыңа тапсыр да, арызыңды жаз, мәдениет және тұрмыс, хаттар бөлімінде Қатшыбековамен бірге жұмыс істейтін боласың, – деді.

Бірден осылайша жолым болып кетеді, – деп ойламаған едім. Нұсрат ағаның кабинетіне кіріп, редактордың мәдениет және тұрмыс бөліміне жұмысқа қабылдағанын айттым. Ол шын көңілмен қуанып қалды. Нүсекеңнің жанында көзі бақырайған пәкенеулеу бойлы бір жас жігіт тұр.

– Мына бала менің ұлым, есімі Ілияс, журфакті бітірген, ауыл шаруашылығы бөлімінің тілшісі, танысып қойындар, бірге жұмыс істейсіңдер, – деді Нүсекең.

– Сені бірден тілшілікке қабылдады ма? – деді маған Ілияс таңдана қарап.

– Иә, дедім мен оның бұл сұрағын онша түсініксіздей.

– Өдетте редактор журфакты бітіргендердің өзін корректор, сосын аудармашы етіп, әбден сынақтан өткізіп алып, бөлімдердің біріне тілші ететін еді ғой. Журфакты бітірген мен де, менен басқалар осындай жолдан өткенбіз, – деді Ілияс таңданысын жасыра алмай.

Ол кезде газет аптасына үш рет жарық көретін. Бас редактордың орынбасары әрі жауапты хатшы қызметін атқаратын Нұсрат ағаны күнде қайнаған жұмыс ортасынан көретінбіз. Мақала да жазатын, орыс тілінде жазылған қолжазбаларды мәшинке басушы зайыбы Құрмаш апайдың жанына отырып алып, диктовка жасап, қазақшалайтын, газет макетін жасайтын. Турасын айтқанда, «мұрын сіңбіруге» уақыты бола бермейтін, нағыз қан майданның ортасында жүргендей еді. Қазақ тілінде жазылған ауыл шаруашылығына қатысты қолжазбаларды редактордың тағы бір орынбасары Ғарифолла Шыбынтаев, мәдениетке тиесілілерін З.Қатшыбекова орысшалайтын. Кейіннен бұл дүрмекке біз де біртіндеп қосылып кеттік.

● «Төлеби туына» – 90 жыл

Басқалардай мен де қолжазбамады мәшинкеге бастыруға Құрмаш апайдың қолына тапсырамын. Бірде қолжазбамадағы сөздерде қолданған көптік жалғаулардың бәрін алып тастапты.

– Апай, мынауыңыз не? – деп жанына бардым.

– Бұл жерде көптік жалғаудың ешқандай қажеті жоқ. Бұл цифрдың өзі мал санының көп екенін көрсетіп тұр, сондықтан мал деген сөзіңе «дар» деген көптік жалғауды қосудың ешқандай қажеті жоқ деді. Осылайша Құрмаш апайдан да үйренгеніміз аз болмады. Нұсрат аға «Төлеби туында» («Ильич жолы») қызмет атқарған жас журналисттермен қатар ақын, жазушы болғысы келген жас таланттардың бөрінің қаламын ұштады. Редакцияның хат қоржынына түскен өлеңдер мен прозалық туындыларға шолу, талдау жасап, «жіліктеп шағып беріп», жол көрсетіп отырды. Өкініштісі, ауырып, төсек тартып жатпай, өдеттегідей жұмыстан қайтқан соң кешкілік кенеттен қайтыс болып кетті. Шамалауымызша, не дегенімізбен ойдың адамы ғой, жүйкесіне көбірек салмақ түсіріп алған болса керек. Марқұм Ғарифолла Шыбынтаев ағамыз екеуі сыйласып, отбасыларымен ет жақын туыстардай қарым-қатынас жасайтын.

Редакцияда әке жолын ұлы Ілияс Нұсратұлы одан әрі жалғастырды. Кейін ол басқа басылымдардың біріне қызметке ауысып кеткеннен кейін «Төлеби туында» ата мен әже, әке жолын Төлеген Ахметұлы одан әрі жалғастырды. Мұны бір жағынан қанмен келген қасиет деп айтсақ та жарасар еді. Біз бас редакторымыз Әбдімәлік Түймебекұлы екеуіміз редакцияда Ахметовтер әулетінің бір-біріне жалғасқан үш бірдей ұрпағымен қызмет атқардық.

Жалпы, Оразаевтар әулетінің «Төлеби туымен» қатар жалпы қазақ журналистикасына қосқан үлесі, сіңірген еңбегі аз емес. Нұсрат ағамыздың әкесі Ахмет ишан Оразаұлы (1861-1926) Сыр өңірінде өмірге келген. XIX ғасырдың басында қазақтың тұңғыш басылымдарының бірі «Қазақ» газеті жарық көргенде Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Әлихан Бөкейханов сияқты қазақ зиялылары – Алаштың ардақты ұлдарымен танысып, осы газеттің жарық көруіне қаржылай көмек көрсетіп, де-меушілік жасаған. Жаңадан ашылған қазақ мектептеріне оқулықтар сатып алып беріп, мешіттер мен медреселер салдырған, қажылық сапарға екі рет барып келген. Бір сөзбен айтқанда, Ахмет ишан ұрпақтарының «Төлеби туында» қызмет атқарып, Төлеби ауданының 90 жылдық тарихын түгендеуге қосқан үлесі өте қомақты.

С.ОРЫНБАСАР

● Таныс болыңыз: Жыл үздігі

Сұлтанбек Тойлыбекұлы Өтебаев Алатау ауылының тумасы. Бір сөзбен айтқанда, тау баласы. Ес білгеннен тауға қарап өсіп, 2003 жылы Алатау орта мектебін бітірген. Ол өткен 2024 жылдың қорытындысы бойынша аудандағы үздіктер қатарынан көрініп, «Жылдың ең үздік мал дәрігері» аталымымен марапатталды.

Халыққа қызмет ететін қарапайым еңбек адамдарына адал еңбегіне қарай құрмет көрсетіп, елге жасаған еңбегін жария етіп

Тау баласы, тауға қарап өседі



жатудың ешқандай артықтығы жоқ деп ойлаймын. Жақын арада жыл үздігі атанған Сұлтанбекпен жолығып, әңгімелесудің сәті түсті. Аз да болса өзі жайлы әңгімелеп беруін өтіндім.

– Мектеп бітірген жылы жоғары оқу орындарының біріне оқуға түсіп кетуге мүмкіндігім бар еді. Мен өмір көріп, өзімді ең алдымен қара жұмыс істеп шыңдап көрейін деп ойладым. Ол кездері алысқа ұзағымыз келмесе де, ауылда біз істейтін жұмыс жоқ болатын. Ауылдағы өзім қатарлас бірнеше жігіт болып, Астанаға аттанып кеттік. Пәтер жалдап тұрып, құрылыста еңбек еттік. Астанадағы жаңадан салынған көпқабатты үйлердің кірпішін қалауға біздің де саусағымыздың ұшы тиген. Кейіннен Алматы қаласына барып, онда да құрылыста жұмыс істедік. Осылайша арада сегіз жылдың зулап өте шыққанын өзіміз де аңғармай қалыппыз. Не дегенмен ауылдың аты ауыл, туған жерге деген сағынышың бір күн де басылмайды екен. 2011 жылы туған жерге оралып, әуелі Киелітас ауылдық округіндегі малдәрігерлік бекетте жүргізуші болып жұмыс істедім. Бекет меңгерушісі Нұржан Әбдіров болатын. Не дегенмен де ес білгеннен малға қарап өскен ауыл баласымын ғой, бірге жұмыс істейтін жігіттерге көмек көрсеткенімде өзім-шын араластырып ветеринар болуға икемімнің бар екенін айтып мақтап қояды. Не керек сол жылы Тассайдағы аграрлық колледжге оқуға түсіп, 2 жыл 10 ай оқып, ветеринар мамандығын алып, еңбек жолымды Киелітас ауылдық округінде одан әрі жалғаттырдым, – дейді.

Білімін одан әрі жетілдіруді мақсат тұтқан Сұлтанбек 2019 жылы Шымкенттегі М.Әуезов атындағы университеттің ветеринарлық медицина факультетінің кешкі бөліміне оқуға түседі. Өз кәсібін терең игеріп, біліктілігін жетілдіре түскен жас маман 2020 жылдың маусым айында Аққұм ауылдық округі малдәрігерлік бекетінің меңгерушілігіне тағайындалады. Тағы екі жылды артқа салып, аудандағы халық саны көп, ең іргелі ауылдық округтердің бірі Көксәйектегі малдәрігерлік бекеттің меңгерушілігіне қызметке ауыстырылады.

– Біздің есебіміз бойынша Көксәйек ауылдық округі аумағы тұрғындарында 4521 ірі қара, 18900 уақ мал, 5228 жылқы бар. Алдын-ала жүргізілген ветеринарлық шаралардың нәтижесінде осында қызметке келгелі бері мал арасында аса қауіпті дейтіндей жұқпалы ауруға жол берілген жоқ.

Малдәрігерлік бекетте өзімді қосқанда барлығы 12 адам жұмыс істейді. Атап айтқанда: Батырғали Құдайқұлов, Сансызбай Сүлейменов, Бағлан Оралбай, Айқүміс Қадырова жоғары білімді мал дәрігері болса, Сапаралы Өлібеков, Охал Қаратаев, Бауыржан Әбдіраманов, Ардақ Дәрменов, Смағұл Қаратай, Нұрлыбек Әбдірахманов, Зульфия Расметова ветеринарлық фельдшер қызметін атқаруда. Олардың әрқайсысына ауыл тұрғындарына қызмет көрсететін жеке учаскелелер бөлініп берілген, – дейді Сұлтанбек.

– Бұрындары ветеринария саласы қызметкерлеріне айлық жалақысы уақытылы төленбей, басқа да қиындықтарға кездесіп жүретінін естігенбіз, бүгіндері қалай? – деймін мен Сұлтанбектен сыр тартып.

– Айлық жалақымызды дер кезінде аламыз. Мүмкіндігінше басқа да жағдай жасалуда, біртіндеп біздің салаға жете назар аударыла бастағанына ризамыз, – дейді ол.

Өздеріңіз білесіздер, қазақ атам заманнан бері бір-бірімен жолығып сәлемдескенде: «Мал-жан аман ба?», – деп саулық сұрасады. Бірінші жанның емес, малдың жайын сұрап біледі. Бұл дегеніңіз қазақтың малды, байлықты жанынан артық жақсы көргендігінен болмаса керек. Себебі, қолда мал аман болса, қарын да тоқ, көйлек те көк, денсаулық та жақсы, жанымыз да аман болады. Осы орайда ветеринар мамандардың елге сіңірген еңбектері, ауыл шаруашылығын дамытуға қосқан үлестері өлшеусіз екендігін мойындауымыз керек. Жұмыстары да жеңіл емес. Кейде адамның өзі бір-бірімен түсініспей жатқанда, бұл сала мамандарына малмен жұмыс істеу өсте оңай соқпаса керек.

Иә, тау баласы қашанда тауға қарап өседі. Сұлтанбек ініміз өнегелі отбасы иесі. Зайыбы Ұлжалғас Тұрғанбаев банк саласы маманы. Алтын асықтай перзенттер тәрбиелеп, бақыт пен қуанышқа кенеліп отырған отбасылардың бірі.

С. ОРЫНБАСАР.

Көксәйек ауылдық округі.

Биыл елімізде қазақ мүсіншісі, халық суретшісі, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер

● Еркін МЕРГЕНОВТИҢ туғанына – 85 жыл

Ұлы тұлғаларымызды қастерлейік

қайраткері Еркін Тілекұлы Мergenovтің туғанына 85 жыл толғаны атап өтіледі. Ол 1940 жылғы 6 наурызда Алматы қаласында дүниеге келген. 1962 жылы Алматыдағы Н.В.Гоголь атындағы көркемсурет училищесін, 1973 жылы Мәскеу мемлекеттік мәдениет және өнер университетін бітірген. Кеңес Армиясы қатарында әскери борышын өтеп келген соң 1966-1967 жылдары Алматы қаласындағы №105 орта мектепте бейнелеу өнері және сызу пәнінен сабақ берді. Қазақстан Суретшілер одағы басқармасының төрағасы, Алматы театр-көркемсурет институтында (қазіргі Қазақ ұлттық өнер академиясы) сурет кафедрасының меңгерушісі, Мәскеуде Халықаралық суретшілер одақтары конфедерациясы кеңесінің мүшесі болды. КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды.

Әйгілі мүсіншінің Рига қаласында жеке көрмесі қойылған, Германиядағы Дуйсбург қаласында өткен халықаралық көрмеге белсене қатысқан. 2000 жылы «Бейнелеу өнері» номинациясы бойынша «Платина Тарлан» тәуелсіз ұлттық сыйлығының лауреаты атанды.

Мergenov Еркін Тілекұлы негізінен портрет жанрында еңбек етті. Оның мүсіндері замандастар бейнесінің шынайылығымен, өмір мен уақыт тынысын сезіндіретін шымырлығымен ерекшеленеді. Қазақстан Мемлекеттік Мұражайында Еркін Тілекұлы Мergenovтің «Махамбет» (1973 жыл, қола), «Олжас Сүлейменовтің портреті» (1982 жыл, қола), «Қазақ КСР-інің халық әртісі Е.Әмірзақов» (1982 жылы, гипс), «Жаңғырық» (1983 жыл), «XX ғасыр» (1988 жыл), т.б. мүсін және портреттер топтамасы қойылған.

2015 жылы жазда Мәскеудегі Орталық Суретшілер үйінде қазақстандық мүсінші Еркін Мergenovтің «Предчувствие» атты жеке көрмесі өтті. Көрменің ашылуында Еркін Тілекұлының сырқаттанып қалғаны, мүсінші өзі қоштасу деп атаған көрмесіне келе алмағаны айтылды. Ашылудан он күн өткен соң – шілденің 26-сынан 27-сіне қараған түні көрнекті суретші дүниеден өтті.

Кезінде Вашингтонда Мergenov мүсіндерінің көрмесі мен сатылымы табысты өткен болатын. Бұл еліміз үшін үлкен жетістік еді. Мүсіншінің жұмыстары жергілікті мұражайларда қойылды.

2009 жылы Оксфорд университеті (Ұлыбритания) ректоратының шақыртуымен Еркін Тілекұлы университет пен колледждердің



студенттері мен оқытушылары үшін лекция оқыды. Бүгінгі таңда қазақ модернизмінің классигі Еркін Мergenovтің «Эко» (1983 жыл, қола) атты мүсіні әйгілі Оксфорд мүсіндер саябағында Манцу, Джакомоетти, Мур, Роден және басқа да әйгілі қылқалам шеберлері, скульпторлардың туындыларымен қатар тұр.

Бейнелеу өнері тарихында аса елеулі оқиға болды: 14 Оксфорд профессоры Еркін Тілекұлының 14 шығармасы туралы әлемдік мәдениет контекстіндегі тамаша эссе жазып, орыс тіліне аударылып, жинақ болып басылды.

Джакомоетти, Мур, Роден және басқа да ұлылармен бір дәрежеге қойылуы – Мergenovтің әлемдік деңгейдегі шебер ретінде танылғанының дәлелі. Қазақстаннан (тіпті ТМД елдерінен) бір ғана адам осындай мойындауға ие болды.

Соған қарамастан, Мәскеудің өнерсүйер қауымы арасында «Еркін Мergenov өз шығармаларымен өз заманынан оқ бойы озық болғанымен, кеңес дәуіріндегі бейнелеу

өнерінің ең төмен бағаланған классигі болып табылады» деген пікір бар.

Мergenov бір сұхбатында: «Өнер еркін, тәуелсіз болуы және осы еркіндікті айшықтауы керек. Менің туындыларым Кеңес Одағы кезінде көрмелерге жіберілмеді, десек те мен сол кезде де, қазір де туындыларым жұртқа түсінікті болады немесе түсінікті болуы керек деп күтпеймін және бұл ерекше алаңдаушылық тудырмайды. Бұл пластикалық өнер ғой өрі ол біздің ұрпақтарымызға арналады» деген екен.

Бүгінде интернетте оның шығармаларының каталогы да, өнері туралы кітаптардың электронды нұсқасы да, т.б. жоқ екен. Оның әйгілі туындылары Альберто Джакомоетти, Марино Марини және басқалардың шығармалары сияқты көшелерге сән беріп, қалалардың меншігіне айналған жоқ. Алайда



Мergenovтің мүсіндері кеңістіктік, сәулеттік, көшеге арналған десек те, оның Алматыдағы бұрынғы Италия елшілігі ғимаратының алдындағы үш метрлік «Екеу» атты мүсіндік композициясы ғана сәулет өнерінің мұрасына айналды деп айта аламыз.

Осы орайда Е.И.Перихтің «Ұлттық кемеңгерлікті танытатын ұлы тұлғаларымызды бағалай білейік. Елдің, ұлттың ұлы тарихын, дақын жасайтын бұқара емес, ұлы тұлғалар екенін түсінейік. Өйткені үлкен мүмкіндіктер ұлы адамдармен қатар келеді. Бойымызда ұлттық қадір-қасиет оянсын, онсыз шынайы патриотизм болмайды» деген сөзі еріксіз ойға оралады.

Көркем еңбек пәнінің мұғалімі ретінде шәкірттеріме осындай қазақтың белгілі тұлғалары, қылқалам шеберлері мен мүсіншілерінің, қолөнершілерінің еңбектері, өмір және шығармашылық жолдары туралы әңгімелеп, олардың көркем өнерге деген қызығушылығын оятуға, бойларында бар таланттарын одан әрі дамытуға атсалысып келемін. Көркем еңбек сабағы балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеудің, қоршаған әлеммен өзара байланыс орнатудың таптырмас құралы деп ойлаймын. Өртүрлі шығармашылық жұмыс барысында оқушылардың көркем-эстетикалық талғамы, есте сақтау қабілеттері, қиялы, қол моторикасы, көзбен мөлшерлеу қабілеті дамиды.

Білім мен тәрбие беріп жүрген шәкірттеріміз арасынан келешекте елімізге танымал қылқалам шеберлері мен мүсіншілер шығады деген сенімдемін.

А.ТАШБОЛАТОВ,

Абай атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектептің мұғалімі.

Төлен Әбдік, жазушы: Көшпелі елдің дамуы тасбақаның аяңына ұқсайды

Өткен аптада қазіргі қазақ әдебиетінің ірі өкілі, «Парасат майданы», «Тозақ оттары жымыңдайды» «Оң қол», «Ақиқат», «Өліара» сынды классикалық туындылардың авторы, жазушы Төлен Әбдік ағамызбен сырласудың сәті түсті. Қаламгердің бүгінгі қазақ әдебиеті мен жас қаламгерлерге қатысты айтқан ойларын екішеп, оқырман назарына ұсынуды жөн көрдік.

– Төлен аға, әңгімемізді әдебиеттің бүгінгі жайынан бастасақ. Аға буын қаламгерлердің әдебиеттің болашағына күмәнмен қарайтын түрлі пікірін естіп қаламыз. Сіздің ойыңызша, қазақ әдебиетінің болашағы бар ма?

– Қазақ әдебиетінің болашағына күмән келтірмеймін. Бізде талантты ақындар да, талантты жазушылар да жоқ емес. Бірақ сол таланттар мен талантсыздар мидай араласып, жақсылары жамандардан оқ бойы озып, қара үзіп кете алмай жүр. Мәселен, Құдай талант берген, өлеңнің техникасын жақсы меңгерген, ұйқастары шымыр ақындар аз емес. Олардың деніне ортақ бір кемшілік бар. «Жаңа ғасырда өлем қайда бет алды, адамзаттың қандай құндылықтары алға озып барады, шетел ақындары қандай жыр жазып жатыр?» деген секілді сұрақтарға бас қатырмайды. Бір сөзбен айтсақ, көбінің тарих пен бүгінгі заман, қала берді көркем әдебиеттің басты қағидалары төңірегіндегі көзқарастары тобырлық деңгейде. Баяғы ескі дағдылардан, кеңестік дәуірде бойға сіңген көне түсініктерден арыла алмай жүрген секілді.

Содан кейін ақындардың қорланғыш, жәбірленгіш, өкпелегіш өлеңдері азаймай тұр. Кеңес заманында ұлттық дәрежеде еркіндігіміз болмады. Үстем ұлт өкілдері қазақты кем санады. Демек ол дәуірдегі ақындардың қорлануы, қожайынға өкпелеуі табиғи құбылыс секілді болатын. Қазір қазақ – мемлекет құрушы ұлт. Еуропалық түсінікте ұлт пен мемлекет бір ұғымды білдіреді. Сондықтан жәбірленуші этностан мемлекет құрушы ұлттың психологиясына ауысатын кез болды деп ойлаймын. Өмірдегі келеңсіздіктер аз емес – моральдық, әлеуметтік проблемалар туралы толған, жағымпаздарды, алаяқтарды, дарынсыз басшыларды сына, халықтың өзінің бойындағы кемшіліктерді де бетіне бас, мұның бәрі, жылап шағым айтқаннан гөрі, ақынның өзіне де, әдебиетке де тиімдірек деп ойлаймын.

– Сіз айтқан жылауық поэзияға кереғар баяғы түркілерден қалған рухты аңсайтын, әсіре мақтан «пафосқа» құрылған туындылар да аз емес қой.

– Мұны да түсіне алмай-ақ қойдым. Қит етсе, «ғұнмын, көк берімін, қасқыр болып ұлып жүрмін» дейтін мағынадағы өлеңдерден аяқ алып жүре алмайтын болдық. Бүгінгі ағылшын ақыны «менің арғы атам англосакс» деп немесе орыс ақыны «менің арғы тегім славян» деп айғайлап өлең оқыса, «онымен не айтпақсың?» дегендей, жұрт түсінбей олардың бетіне одырайып қарар еді. Өйткені арғы тегің кім болса да, ол сенің кісілігіңе, мәртебеңе, күнкөрісіңе ештеңе қоса алмайды. Сенің кім екенің бүгінгі күнімен өлшенеді.

Рас, тәуелсіздік алған жылдары ұранды жырлармен ғасырлар бойы бодандықтың тауқыметін тартқан ұлттың рухын бір сілкіп алу керек те болған шығар. Ал ақындардың осы тақырыптың айналасынан әлі айналсоқтап шықпай қоюы мен айтқан дүниетанымының тарлығын тағы дәлелдейді. Ақын да, жазушы да ең алдымен адамның ішкі әлеміне үңілуі керек. Абай секілді адамзаттық деңгейде ой айтуға, философиялық тұрғыда рухани кемелденуге, әлемге гуманистік көзқараспен қарауға ұмтылмаған қаламгер өртүрлі саяси-дүниелік идеологиялардың насихатшысына айналып кетуі әбден мүмкін. Әдебиетке жалған ұран да, жалған мақтан да қажет емес.

– Мақтан жөніндегі ойыңызды әрі жалғап көрсек. Қазіргі қазақтың күні мақтансыз атпайтын болды. Өзінен лауазымы жоғары азаматтарға жағымпаздандуды «қызметтік этика» ретінде қарайтын көзқарас аз емес. Бұл дерттің шалығы әдеби қауымды да айналып өтпеді. Бір-бірін классик дәрежесіне көтеріп, жер-көкке сыйғызбай дәріптейтіндерге қатысты не айтасыз?

– Өркениетті елдерде мақтану да, мақтау да мәдениетсіздік болып саналады. Ол жақта біреуді көзін бақырайтып қойып, дәл біздегідей мақтап көріңізші, не болар екен? Ол ұялғаннан жерге кіріп кете жаздайтыны анық. Тіпті «қысқартыңыз» деп сөзіңізді тыйып тастауы мүмкін. Бізде бәрі керісінше, арқасынан қаққан сайын шөлі қанбай, тағы мақтай түссе екен деп емініп отырады.

Сафуан Шәймерденовтен естіген бір әңгімемді айтайын. Біздегі белгілі бір орыс ақыны 70-ке толып, соның дастарқанында отырған көрінеді. Атын атамай-ақ қояйын, мақтау сөздің шебері атанған әдебиетші ағамыз өзінің әдетіне басып, мерейтой иесін мақтап ала жөнелген. Қызды-қыздымен «Сіз орыс поэзиясының ұлы ақынысыз» деген сөзді айтқан кезде анау шошып кеткен. «Мынауыңыз не» дегендей, қолын жайып, басын шайқап ренішін білдірген. Бірақ ағамыз тоқтай алмай, мақтау сөзін жалғастыра берсе керек. Ақыры мерейтой иесі ашуланып, аяғы жанжалға, төбелеске айнала жаздап әрең басылыпты.

– Бердібек Соқпақбаевтың «Ергежейлі еліне

саяхат» атты хикаятында басты кейіпкер ергежейлілер елінің президентін жер көкке сыйғызбай ұлықтаушы еді ғой. Сонда Елдесер деген ергежейлі «біздің елде кісіні көзінше мақтау қорлаумен тең іс» дейтіні бар. Мына оқиғаңыз сол эпизодқа үндес екен.

– Иә, мәдениет, этика деген қарапайым түсініктерді бойға сіңірмей мәдениетті ұлтқа айналмаймыз. Ел болғаннан кейін ішінара бойына парасат сіңген, мәдениетті тұлғалар болады. Бірақ ұлттық мәдениетті басты қалыптастырушы бұқара екенін ұмытпауымыз қажет. Яғни мәдениет деген жалпы халыққа тән құндылық. «Біздің мәдени танымымыз өзгелерден биік, рухымыз да күшті, жаужүрек батырмыз» деп есіріп кетуге де болмайды.

Жапон халқы Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін ұлтшылдықты жалау етіп, есірді. Гитлерге ерген неміс халқы да сөйтті. Мұның ақыры адамзаттың басына қандай қасірет төндіргенін бәріміз білеміз. Кейін жапон да, неміс те жеңілгенін мойындап, өркөкірек мінезден арылып, барлық күшін ғылым жолын игеруге бағыттады. Содан жаман болған жанды, немісті көрдіңіз бе?

Мәдениеттіліктің бірінші белгісі – адамды сыйлау, ұлтына, дініне, тіліне қарамай жеке тұлға ретінде құрметтей білу. Екінші белгі – ұлттың құрметтегенің секілді басқа этностарды да, оның құндылығын да сыйлау.

«Қазақтың аттан ұлтшылдығын» жақсы көріп, елдегі басқа халық сондай қылық жасаса төзбейтін мінездерді түсіне алмаймын. Сонда біреулер үшін біздің ұлтшыл жақсы да, өзгенікі жаман болғаны ма?

Халықтың әр адамға, әр ұлтқа тең қарайтын гуманистік көзқарасы қалыптаспай, жеке-дара тәуелсіз ел болып тұруы да қиынға соғады. Сондықтан әдебиетке келуші жастардың гуманистік болғанын қалар едім. Гуманизмнің шекпеніне әділдіктен таймау, ешкімге қиянат қылмау, адамдарға жақсылық жасау, тіршілік атаулыға мейіріммен қарау секілді барлық игі қасиет сыйып кетеді. Мұндай гуманизм дінде де бар ғой дерсің. Діндегі гуманизмге шек келтірмеймін. Бірақ сенімі ортақ еместі мұсылмандар «көпір» санайды, ал мұсылмандарды өзге діндегілер жақтырмайды. Осы жерден әрі діндегі гуманизм жайлы айту қиындап кететіндіктен, тереңдемей-ақ қояйық.

– Төлен аға, қаламгерлер жылауық, кеудемсоқ патриот, мақтан құмар, әсіреұлтшыл болмауы керек деп отырсыз. Ата-текті айтып, шектеушілікке бару індеті туралы не ойлайсыз?

– Жазушы қолына қалам алғанда жалпыадамзаттық құндылықтарға жүгінуі керек деп санаймын. Өйткені адамзаттық құндылықтар ұлттық мүддеге қайшы келмейді. Әділдік, шындық, адамгершілік, адамның кісілік жақсысы мен еркіндігі секілді гуманистік құндылықтар барлық халыққа ортақ. Сондықтан да адамзаттық деп аталады. Мінеки, осындай бағыты ұстанған талантты қаламгер ғана әлемге халқын да, өзін де таныта алады. Тек жазушылық жолда ғана емес, барлық салада «атаның баласы болма, адамның баласы бол» дейтін қағиданы берік ұстауды үйренгеніміз жөн. Абай рулық, ұлттық деңгейден шығып, адамзаттық ой айта білгенінен қазақтың Абайына айналды. Жас қаламгерлер де Абай секілді қазақтың ойын адамзаттық құндылығына қосуды мақсат етпей, биіктерді бағындыра алмайды.

Қашан екені есімде жоқ, әлдебір жас ғалым мені өзінің, өлде кітабының тұсаукесері, өлде өзінің шығармашылық кеші, әйтеуір осындай бір жиынына шақырған болатын. Негізгі тақырыбым қазақтың қанының тазалығына, жеті атадан қыз алыспайтынына қатысты деген сөзді айтып қалды. Жеті атадан бері қыз алыспау деген барлық жағынан дұрыс нәрсе екені белгілі, бірақ қанның тазалығы деген тұжырымды дұрыс деп айту қиын. Өйткені оның ар жағында нәсілшілдік, расизм жатыр. Қанның тазалығын алғаш рет күн төртібіне қойған Гитлер болатын. Бұл идеяның үлкен қантөгіске, адамдарды концлагерьлерде азаптау, тірідей отқа өртеу секілді зұлымдыққа әкелгені белгілі. Сондықтан фашизмнің идеясын бүгінгі таңда ұлттық идея қылып ұсыну көзқарас тұрғысынан үлкен кемшілік. Кейін осы оқиғаға байланысты өз пікірімді әр жерде айтып жүрмін. Баяғы ортағасырлық түсініктерді қазіргі заманға телудің



қажеті жоқ. Халық, ұлт болғаннан кейін ұлт пен ұлыстар арасындағы қан алмасу қалыпты дүние болып саналу керек. Қазіргідей жаһандану заманында оны тыйып тастау мүмкін емес.

Бүгінді былай қойып, қазақ баяғы замандарда ұлын Ұрымға, қызын Қырымға жіберіп, өзге халыққа қыз беріп, өзге ұлттан келін де алған.

Сондықтан да, жалаң ата-тек қуу, қанның тазалығы дегеннің бәрі – бос сөз. Қазаққа қызмет еткеннің бәрі – қазақ. Біреуді руына бола жақын тарту, туыс көру деген баяғы қасаң қағидалармен өмір сүруге болмайды.

– Жас қаламгерлер кімді тәлімгер тұтса болады? Мысалы, сіз жас кезіңізде қазақ жазушыларынан кімді ұстаз санаушы едіңіз?

– Біздің алдымызда мықты аға буын жазушылар болды. Бірақ оларға қарап бой түзедім дей алмаймын. Маған әсер еткен ұстазым – өлем әдебиеті. Өлем жазушыларының туындылары болмаса, соцреализмнің шырмауына түсіп, өзгеден айырмалар болмай қалуы әбден мүмкін еді. Кеңестік дәуірдегі соцреализм, кеңестік шындық дегендердің бәрінің жалған екенін шетелдік қаламгерлерді оқи бастағанда білдік. Өлем классиктері шын әдебиеттің қалай жазылатынын көрсетті. Қазақ кеңес әдебиетінің негізін қалаған аға буын жазушылардың көпшілігінің шығармаларын қазіргі жастар оқымайды. Оларды талантсыз деп айта алмайсың, бірақ сондай заманға тап болды.

Қазіргі заман да, жастар да басқа. Баяғыдай цензура жоқ. Сондықтан да оларда қоғам шындығын бүкпесіз жазуға мүмкіндік жетеді. Алайда тарихты бұрмалап, рулық санамен сан құбылтып, көркем әдебиетті публицистикаға айналдырып, бос сөзді оңды, солды бұрқыратудың қажеті шамалы деп ойлаймын. Жастарға біреуді ұстаз тұт деп те айтпаймын. Ұстаздары кітап болсын! Көп оқысын!

– Кеңестік кезеңде тарихи оқиғаларды әдебиетке әкелу ісі қарқын алды. Халық өткенін әдеби шығармаларды оқып танитын үрдіс қалыптасты. Қазір де тарих туралы шығарма жазу қарқын алып тұр. Бұған не дейсіз?

– Жазушылар жазған туындыларды шынайы тарих деп қабылдауға болмайды. Қазақ жазушыларының тарихи шығармасын оқып отырсаңыз, бізге жететін жаужүрек, данышпан ұлт болмаған сияқты. Өлгі кітаптармен танысып, «көзсіз батыр, шексіз ақылды бабаларымыз үш ғасырға жуық уақыт қалай отар ел болған» деп таңғаласың! Ең бастысы, тарихты өз қалауыңша аңызға айналдырып, ондағы тирандарды көкке көтеру дәстүрі белең алып барады. Бұл жақсы нәрсе емес. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін өлемдік ғалымдар фашизмнің пайда болуын ұзақ зерттеді. Фашизмнің басты белгілерін анықтады. Сондағы белгілердің бірі – осы тарихты ерлік аңызына айналдыру, империя идеясын насихаттау, тирандарды ұлықтау. Өрине, мұның бәрін тарқатып айтар болсақ, талай автордың шамына тиерміз.

Тарихты жазуға ешкім де тыйым сала алмайды. Бірақ бір елдің халқын қырып, қалаларын талқандап жатқан басқыншылық әрекеттерді көзімізбен көріп отырған бүгінгі заманда өткен тарихтағы бұдан да қанды басқыншылықты көкке көтеріп, мақтан тұтуды жақсы нәрсе деп айта алмаймыз. Адамзаттың өркениетті өмірге, гуманистік идеялардың кең таралуына зәру болып отырғанын ұмытпауымыз керек.

Кейбір авторларымыз тарихи очерк деңгейіндегі жазбаларын роман деп ат қойып, оқырманға ұсынып жатады. Әдеби көркем шығарманың өзегі – адамның тағдыры. Көркем туындыда сол тағдырды өз басынан өткізіп жатқандай күй кешпесең, кейіпкерлер ішінде тіріліп, өмір сүрмесе, оқиғалар барысында туындайтын жайттарға қайғырып, жақсылыққа ортақтасып қуана алмасаң, жүрек соғысын сезінбесең, оны әдеби туынды деп айтуға болмайды.

Әдеби шығарманы оқып отырып, диалогтерден кейіпкердің сөйлеу мәнерін сезіп, іс-әрекетінен кескін-келбетін көз алдыға елестете алуың керек. Оқиғаның сюжеттік жағынан басталуы, дамуы, шиеленісуі, шешімі болмаса, кейіпкерлердің жақсылығы мен жамандығы өмірдегідей шынайы тең суреттелмесе, ол шығарма ғұмырының ұзақ болуы екіталай.

Әдебиеттің осындай қарапайым шарттарын білмей, тарихтағы белгілі оқиғаларды тізіп шығып, «әдеби туынды жаздым» деу ең алдымен өзінді алдау. Шығарма мен очерктің, көркем туынды мен публицистиканың арасын ажырата алмайтындардың басқаларға тарихты үйреткелі жүргеніне кейде күлкің де келеді. Болған оқиға – деректі шындық, ал автордың ой-қиялынан туған оқиға – болуға тиісті көркем шындық. Көркем шығарма, негізінен, осы көркем шындыққа құрылады. Бұл пікірді бізге дейінгі талай үлкен жазушылар баяғыда айтып кеткен.

– Көп туындыларда автордың позициясы айғайлап көрініп тұрады. Бұл кемшілік емес пе?

– Көркем туындыға қойылатын талаптардың біразын айттым ғой. Соның бірі автор мәтіннің астарына өз позициясын жасыра білуі дер едім. Чеховтің ұлылығы сол, ешқашан өзінің позициясын ашық білдірмейді. Оқырман оқиғаның желісінен, өрбуінен, аяқталуынан жазушының не айтқысы келгенін өзі табады. Шығарманы оқығанда қиянатшыл кейіпкерді жек көріп жиіркенсең, жәбірленгенді жақсы көріп, жақтасып отырсаң, сонында ойлануыңа да кеңістік қалса, одан артық көркемдіктің қажеті бола қоймас еді.

– Қазақ әдебиетіндегі көпсөзділік туралы айттыңыз. Кей авторлардың көне сөздерді көп біліп, шығармасында соны еркін пайдалануы оның артықшылығы ма, әлде кемшілігі ме?

– Заманауи әдебиет көпсөзділікті құптамайды. Бірақ бұл «тілге мән берудің қажеті жоқ» деген ойды туғызбайды. Не айтсаң да, не жазсаң да, дәлме-дәл суреттеу шеберліктің шыңы саналады.

– Кей кітаптардан сіркен арханизмдерді көргенде баяғы көшпелілер дәуіріне кіріп кеткендей боламын.

– Кейбір ағайын әдебиетті көне сөздердің жиынтығы деп ұқпауы үшін де арханизмдерді жөнсіз қолдана берудің дұрыс емес екенін жастардың құлағына құя бергеніміз жөн. Қазіргі қазақтың жасы да, жасамысы да көшпелілер заманын аңсап, оның мәдениеті туралы проза, өлең, көлдей-көлдей мақала жазып, мақтанатынды шығарыпты. Өлем санасын көшпелілер мәдениеті өзгертіп жібергендей даурығып, кеуде соғып жатқандар шындыққа тура бір қараса ғой, шіркін.

Көшпелілік деген не? Жер бетіндегі барлық адамзат баласы әу басында көшпелі болды. Табиғатпен күресіп, үй салып, егін еккен халықтар отырықшыға айналды. Олар жыртқыш жануарлардан қорғану, ауыр жұмысты жеңілдету үшін түрлі құрал-жабдық ойлап тапты. Яғни ғылыми тұрғыда дамудың жолына түсті. Ал табиғаттың қас-қабағымен күн көретін көшпелі елде ғылым да, технология да дами алмайды. Көшпелі елдің дамуы тасбақаның аяғына ұқсайды.

Көшпелілікті отырықшылықтан жоғары қоятын пікірлерді де естіген кездеріміз болды. Рас, көшпелі өмір салты қалыптастырған психология санамызда бар, бірақ біз қазір көшпелі ел емеспіз. Отырықшы өлміз. Өмірге қажетті барлық нәрселер: қалтаңдағы сағат, телефон, үйіндегі теледидар, жарық, жылу беретін орындар, астыңдағы машина, бүкіл транспорт, пойыз, ұшақ, зауыттар мен фабрикалар, оқу орындары, ғылыми зертханалар, обсерваториялар, т.б. – осының бәрі ғылымның табысы. Бұған тек отырықшылықтың арқасында қол жеткізіп отырмыз.

Көшпелі кезең – бар болғаны адам баласының тарихындағы өтпелі кезең. Сондықтан да ғасырлар бойы көшпелі ғұмыр көшкенімізге мақтануға еш себеп жоқ. Тіпті «көшпелі едік» деп алашапқын болу – ұят тірлік. Иә, көшпелі күн көшіп жүргенде отбасылық құндылықтарға қатысты ұлы мәдениеттер жаратқан шығармыз. Бірақ, бұл – көшпелі өмір салтының артықшылығынан емес, қиын жағдайда жүрсе де, мәдениет пен өнер жасай алатын халықтың қабілетінен туған нәрсе. Құлдық жүйе кезінде де халық өзіне тән мәдениетін жасай білген.

Өткеннен қалған рухани қазынаны көдеңе жарат. Бірақ ата-бабаң жасаған зұлымдықты мақтан тұтудың қажеті қанша?

Енді жас қаламгерлерге оралайық. Олар өлемдік деңгейдегі жазушыларды меже тұтпай, олармен іштей бөсекеге түспей, күреспей, тайталаспай, үлкен биікке көтерілу мүмкін емес екенін білгендері дұрыс. Кейінгі буын қаламгерлері әртүрлі қате көзқарастардың жетегінде кетіп, таланттарын өлтіріп алмаса екен деймін.

– Уақыт қиып, сұхбат бергеніңізге рахмет.

Әңгімелескен –
Қанат БІРЛІКҰЛЫ.

«Egemen Qazaqstan».

(Жалғасы. Басы өткен сандарда).

Кембридж университетінде 15 ағылшын премьер-министрі, әлем елдерінің 23 көшбасшысы білім алған. Олардың қатарында Үндістанның 3 премьер-министрі, Дания патшайымы II Маргрете бар.

Кембридж университетінің жетістіктері адам таңқаларлықтай. Осы жоғары оқу орнының түрлі ғылыми жаңалықтар ашқан 60 ғалымы Нобель сыйлығының иегері атанған.

Кембридж университетінің оқу корпустарын, көшелерін аралап көріп, сағат тілі он екіге жақындағанда Ньютонның алмасына да жеттік. Мұнда барлық басқа тауарларға қарағанда, алманың саудасы жүріп тұр. Өлемнің әр шалғайынан келген туристер қолдарына алма ұстап, Ньютонның алмасының жанында естелікке суретке түсуде.

– Алма алуды ұмытып кетіпін ғой, қазір барып сатып алып келейін, осы жерден алысқа ұзамай күте тұрындар, – деп Нұрқанат көп дүкендердің бірінен алма алуға кетті. Көшенің қарама-қарсы бетінде асхана бар екен.

– Қарындарыңыз ашқан жоқ па, жүріңіздер, тамақтанып алайық, – деді Жұлдыз.

– Балалардың, мамаңның болмаса менің қарным ашқан жоқ, Нұрқанат дүкеннен келсін де, сосын көрерміз, – дедім мен. Сол кезде қытайдың немесе керістің болса керек екі қысық көз жігіті мен қызы алақандарына алма қойып суретке түсіп жатқан. Мен олардан екі-үш қадам алысырақ жерде тұрғанмын. Қарапайым киінген, жасы шамамен қырықтың арғы-бергі жағындағы азиат тектес азамат әрі-бері өтіп жатқан адамдардың арасынан өтіп, менің қарсы алдыма келді де:

– Ас-саламу алейкум, – деп қолым созып ілтипатпен сәлемдесті.

– Уа-алайкум ас-салам, – деп сәлемін алдым. Ол маған ағылшын тілінде екі-үш ауыз сөз айтты.

– Ноу инглиш, – дедім ағылшынша бар білетін сөзіммен жауап беріп. Ол бетіме қарап жымылып күлді. Сол сәтте жанымызға келген Жұлдыз өлгі кісімен ағылшынша сәлемдесіп, сосын маған қарап:

– Папа, бұл кісі профессор Надим Мұхаммед Халид қой, сізді киген шапаныңыздан Никонның (Нұрқанаттың) папасы екеніңізді бірден танып қойыпты, – деді.

Біздің жанымызға ұлттық киімімізді киген әжесі мен немерелері де келді. Надим профессор әжесімен де жылы сәлемдесті. Не дегенмен де зейнеткерлікке шыққанша балаларға ағылшын тілінен сабақ берген Бегайым апай Надиммен бірден ағылшынша шүйірлесіп сөйлесіп кетті. Ойлап қарасам, әйелім де, ұлым мен келінім де, немерелерім де, бір сөзбен айтқанда мектепте неміс тілін оқыған менен басқаларының бәрі ағылшын тілінде еркін сөйлейді екен.

Дүкендердің бірінен бірнеше алма сатып алған Нұрқанат та Надиммен әңгімелесіп тұрғанымызда келді.

– Менің папам мен мамамды қайдан танып қойдыңыз? – деп жатыр Нұрқанат Надиммен құшақтасып сәлемдесіп болған соң.

– Киген киімдерінен, – деп жатыр Надим.

Бәріміз қолымызға алма ұстап Ньютонның алмасының жанында ескерткішке суретке түстік.

– Түс болып қалыпты, дәмханалардың біріне барып тамақтанып

Мәңгілік жасы ел немесе Англия нақыштары

алайық, Надимді де түскі асқа шақырайық, – деді де Нұрқанат бізге айтқанын Надиммен ағылшын тілінде жеткізді. Екеуі әңгімелесіп болған соң:

– Жақын маңда Надимнің ағасының мұсылмандарға арналған, пакистандықтардың ұлттық тағамдарын дайындайтын халал дәмханасы бар екен. Сол дәмханаға барайық деп шақырып жатыр. Жүргізушісі бір шаруамен сұранып кеткен екен. Үлкен кісілерге, балаларға такси шақырып біз жаяулатып бара берейік деп жатыр, – деді Нұрқанат.

– Такси шақырудың қажеті жоқ, Кембридж көшелерін тамашалап, біз

шет елден келген туристер арасында қалтаға, сөмкеге түсетін ұрылар бар екеніне анық көз жетті.

Болған оқиғаға не сенерімізді, не сенбесімізді білмей алға қарай жүрдік. Нұрқанат, Надим профессор, немерелерім көше бойында бізді күтіп тұр екен. Мамасы:

– Сөмкедегі қалпағым мен қан қысымын өлшейтінімді ұрлатып алдым, мұнда да суық қолды адамдар бар екен ғой, – деді.

– Мама, ренжімеңіз өзіңіз ұнатқан тап сондай қалпақ, қан қысымыңызды өлшейтін тонометрдің жаңа үлгідегі су жаңасын сатып алып беремін, – деді. Болған оқиғаны Нұрқанаттан естіген Надим профес-



Суретте: доктор Надим Мұхаммед Халидпен бірге Ньютонның алмасының жанында.

де жаяу барамыз, – деді мамасы.

Нұрқанат пен Надим профессор әңгімелесіп, алдымызда келе жатыр. Көшеде хан базарындағыдай әрі-бері жүрген иін тірескен адамдардың арасымен келе жатқанымызда алдымыздан түрі қазақтан аумаитын үш жігіт қарсы жолықты да маған:

– Ас-саламу алейкум, – деп сәлемдесті.

– Уа-алайкум ас-салам, қазақсындар ма? – деп сұрадым.

– Қырғызбыз, – деді олардың бірі.

– Қырғызбын деңдер, Қырғызстанда болып жүрміз ғой, қай жерінен келдіңдер, – дедім мен.

– Бішкектенбіз, туристік сапармен келдік, – деді жігіттер.

Қырғыз жігіттермен әңгімелесіп бола бергенімде менен кейін келе жатқан Бегайым апай мен Жұлдыз жаныма келді. Көпшіліктің арасында бізден қарасын үзіп алға озып кеткен Нұрқанатпен хабарласпақ болған Бегайым сөмкесіне қол жүгіртіп:

– Сөмкемнің аузы ашылып қалыпты ғой, деп ішін ақтарып көрді де көше Оксфордтан сатып алған қалпағым мен қан қысымын өлшейтінім жоқ, жолда түсіп қалған жоқ па? – деді таң қалып.

– Менің де сөмкемнің аузы ашылып қалыпты, жабық болатын, – деп Жұлдыз да таң қалып, заттарын түгендей бастады да «Бәрі орнында екен», – деді.

– Жүрген ізімізбен қайта жүріп қарап көрейік, бір жерге түсіріп алдым ба? Өлде Ньютонның алмасының қасында жанымда топырлап жүрген адамдар көп еді, сол жерде ұрлатып алдым ба? – деді Бегайым апай.

– Мама, ол жерде ұрлауы өсте мүмкін емес, мен жаныңызда тұрдым ғой, – деді Жұлдыз.

Не керек ағылшындардың немесе

сор Кембрижде ғана емес, басқа ағылшын қалаларында сөмкеге, қалтаға түсетін ұрылар бар екенін, сақ болу қажеттілігін айтып жатыр.

Пакистандықтардың дәмханасы Кембридж университетінен онша қашық емес екен. Шамамен он-он бес минуттай жүрдік. Надим профессор дәмхана иесімен бізді жақсылап таныстырған болуы керек алыстан құдалары келгендей жылы шырай танытып, шеткері орындардың біріне жайғастырды. Нұрқанат дәмхана иесіне ағылшынша бір-екі ауыз сөз айтқан еді, Надим профессор үшеуі Нұрқанаттың сөзіне қарқылдап күліп алды.

– Балам, мына пакистандықтарды не айтып күлдің, – дедім мен.

– Тамақтарыңның бәрі шынымен халал ма, өз қораларыңдағы өздеріңіз сойған малдың еті ме? – деп айтқан едім деді.

Пакистандықтардың ұлттық тағамдары бізге өте ұнады, асықпай әңгімелесіп отырып, бірнеше түрінен сүйсіне дәм таттық, шай ішіп, бірнеше түрлі сусындармен шөлімізді бастық. Нұрқанат пакистандықтармен әңгіме дүкен құрып отырғанда, екі-үш рет сыртқа шығып, арнайы орынға барып темекі шегіп қайттым.

Тамақтанып болған соң Нұрқанатқа:

– Дәмхана иесін шақырып ішкен-жегеніміздің ақысын төле, ризалығымызды білдір, – дедім.

– Клиенттерден қолы босамай жатыр, өзім барайын, – деп орнынан тұрды. Дастарқандас болып отырған Надим профессор мен Бегайым апайдың әңгімелері таусылар емес.

О.СҮТТІБАЕВ.

(Жалғасы келесі санда).

Ел басына күн туған, жоңғар-қалмақ басқыншыларының жойқын шабуылынан зар жылаған кейбір қазақ рулары мен тайпаларының басы қосылмай, ынтымақ пен бірлікті ту ете алмай жүргенде Бұқар жырау бабамыз:

Керей қайда барасың,
Сырдың бойын көбелеп.
Сен қашсаң да, мен қойман,
Арғымақты жібелеп... – деп жыр

толғағаны мәлім. Бұқар бабаның бұл жыр-толғауы бір тайпа елге ғана қатысты емес, ұлы Абайша айтқанда: «Бас басына би болған өңкей қиқым, Мінеки бұзған жоқ па елдің сиқын?», – дегеніндей, ел басына күн туғанда елдің басын қоспай бұра тартқандарға ғана қатысты. Сол бір зар замандарда ел тізгінін Ұлы жүздің, Орта жүздің, Кіші жүздің хандары емес, ұлы тұлғаларымыз – Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке би үшеуі ұстап, бүкіл халықтың басын қосып, батырларымызға бас болып, жауға қарсы аттанбағанда, қазақ деген халықтың жер бетінен біржола жойылып кетуі әбден мүмкін еді. Осы үш алып данамызға саф мұлттың ескерткіші орнатсақ та артықтық етпейді.

Өткенді еске алуымыз өзіндік себебі бар. Қазақтар өз еркімен патшалық Ресейге бодан болғаннан кейін олардың бар мақсаты халқымызды жер бетінен мүлдем жойып жіберудің барлық амал-айласын, тәсілдерін қолданып, асты мен үсті қазынаға толы ұлан-байтақ жерін иелену болды. Ол үшін олар барынша сайтан жасат ұстанды. Ең алдымен тілінен, ұлттық салты мен дәстүрінен, дінінен айырып, тайпалар мен рулардың арасына от тұтатып, бір-біріне айдап салып, жемқорлықтың, парақорлықтың тұқымын септі. Біртіндеп бұл мақсаттарына жете бастады. Патшалық Ресейдің бұл саясатын кеңестік империя мықтап ұстанып, тіпті олардан да асып түсті. Жазықсыз жала жауып бас көтерер ұлдарын шетінен атты, бүкіл қазақтың тең жартысынан астамын қолдан ашаршылық жасап қырғынға ұшыратты, аман қалғандарын елден бөздірді.

Еліміз тәуелсіздік алғанға дейін қазақтың ана тілі жойылып кетудің аз-ақ алдында тұрды. Егеменді ел болғанымыздан кейін қазақ тілі заң жүзінде мемлекеттік тіл мәртебесін алды. Өкінішке орай, өз тәуелсіздігімізді алғанымызға 30 жылдан астам уақыт өтсе де, Қазақстанда мекендейтін өзге ұлттарды сөз етпегенде, әлі күнге дейін қазақтардың өзін қазақ тілінде сөйлете алмай жүргеніміз нағыз бейшаралық.

Кейбір деректерге назар салсам, бүгіндері Қазақстанда 12 миллион, Өзбекстанда 3 миллион, Қытайда 2,5 миллион, Ресейде 1 миллион, Монғолияда 125 мың, Қырғызстанда 35 мың, АҚШ-та 30 мың, Түркияда 20 мың қазақ тұрады. Бұлардан басқа Ауғанстанды, Иранды, Пакистанды, Индияны, Үндіқытай елдері мен Европаны, Америка құрлығын, жалпы белгілісі әлемнің 55 еліне тарап кеткен қазақтың саны 17,5 миллиондай деген дерек бар. Осы мәліметтерден қазақтардың тең жартысындай атамекендерінде емес, шет мемлекеттерде өмір сүріп жатқанын білесіз. «Арқа жылы болса, арқар ауып несі бар?» дегендей, бұрынғы қазақтың қуғын-сүргінге ұшыратқан замандарды еске алмағанда, біздің еліміз өз тәуелсіздігін алғалы бері де шет мемлекеттерге ауған қазақтың көші әлі күнге дейін тоқтамай келеді. Оның себебі неде? Шет елге ауған қазақтар кәсіп, ілім-білім үйреніп, туған жеріне қайтып оралады ма, әлде ана тілін, ата дәстүрі мен салтын ұмытып, сол мемлекеттерге сіңіп кете ме? Міне бар мәселе осында.

Ал енді Қазақстанда 12 миллион қазақ тұрады делік. Соншама қазақтың қанша пайызы таза қазақ тілінде сөйлеп, салты мен дәстүрін ұстанады? Бұл сұраққа да ешкім тап басып, нақты жауап бере алмайды. Өз тәуелсіздігін алғанына 30 жылдан астам уақыт өтсе де, өз ана тілін менсінбей жүрген бұл қазақ тағы 30 жылдан кейін мемлекеттік тілін 100 пайыз меңгеріп кете алады ма? Тап осы бағытпен алға жүре берсек, біреміз түгел қазақ болып кетуіміздің өзі екіталай. Ресей президенті В.В.Путин бір әңгімесінде: «Қазақстан орыстiлді мемлекет», – деп айтып қалды. Шынында да әлі күнге дейін солай болып тұр, мойындауымыз керек. Еліміздегі қос Палата бүгінге дейін мемлекеттік тілде сөйлей алмай келеді. Жоғарғы шенді элита дегендеріміздің өзі ана тілін менсінбей, орыс тілінде сөйлегенді жөн көреді. Себебі олардың тілі

ана тілінде шықпағандықтан, қазақ мектебінде оқып, білім алмағандықтан, қаншалықты қазақ тілін меңгерді десек те, олардың бәрі ең алдымен іштей орысша ойланып, сосын барып, сол орысшасын

Қазақ қайда барасың?

қазақ тіліне өзінше аударып барып сөйлейді немесе жауап береді. Осындайдың бәрін көріп, біліп отырған соң тағы бір сұрақ туады. Өзінің ана тілін менсінбей, орыс немесе басқа тілдерде сөйлейтін қазақтарды қазақ ұлтының қатарына қосуға болады ма? Шындығында қазақ тілін білмейтіндерді, мемлекеттік тілде сөйлемейтіндерді қазақ ұлтының санына қосуға мүлдем болмайды. Қазақстанда тұратын, шет мемлекеттерде өмір сүретін қазақтың жалпы санын дәл осылайша – ана тілін, дәстүрін қаншалықты білетінін шындығымен есептесек, біздің жалпы ұлт ретіндегі санымыз анағұрлым кеміп кететіні анық.

Мен бізбен көршілесі тұратын өзбек ағайындардың ұстанымына өте ризамын. Себебі олар өз елдерінде бір-бірімен, өзге ұлт өкілдерімен өзбек тілінде ғана қарым-қатынас жасайды, ата салты мен дәстүрін берік ұстанады. Шет елден келген туристер немесе қонақтары болмаса, өз елдерінде тұратын өзге ұлт өкілдерімен де тек мемлекеттік тілде сөйлеседі. Орыс тілінде сөйлегісі келетіндер жергілікті басқа ұлт өкілдері болған күннің өзінде жас баласына дейін құлақ асып, бірауыз жауап бермейді. Бұл өзбек халқынан қазақтың үлгі алар, үйренер ұлтжандылығының бір көрінісі ғана.

Жоғарыда біз Өзбекстанда 3 миллиондай қазақ тұратынын сөз еттік. Шындығында бұл елде тұратын қазақтардың жалпы саны бұл цифрдан анағұрлым көп. Себебі жергілікті қазақтардың көпшілігі қазақтың ана тілі мен ата дәстүрін мүлдем ұмытып өзбектеніп, осы халықтың құрамына сіңісіп кетті. Өзбекстанда кеңестік дәуірден бері жиі болып жүрміз. Бұл көрші елде қазақтан, өзбектен басқа өздері «құрама» санайтын тағы бір халық бар. Олардың бұрынғы ата-бабалары негізінен қазақтар еді. Біртіндеп өзбектеніп, өздерінің қазақтың қай ру мен тайпасынан шыққанын мүлдем ұмытып кеткендіктен, бүгінге дейін өзара қауымдасып өмір сүретіндіктен, «құрама» атанды.

– Ондай қазақтар туралы Қазақстаннан – елден жырақ жүргендіктен, өзге ұлттардың құрамына сіңісіп кетті, – деп уәж айтатындар табылатынын білемін. Өкініштісі, өз елімізде, ашығын айтқанда, туған жерінде, ағайын арасында отырып, ата дәстүрін, ана тілін мүлдем ұмытып, өзбектеніп немесе орыстанып кеткендерге не дейміз енді? Аудандағы қайсыбір өзбек ауылына барсаңыз да, қазақ екенін, түбі қаңлы, ошақты, жаныс, қырырат тағы басқа рудан шыққанын айтып отыратындар бар. Шындығында олардың бәрін қазақтың қатарына қосуға болмайды. Себебі, тілін айтпағанда, төлқұжаттарының өзіне қазақ емес, өзбек деп жазылған. Алысқа бармай-ақ қоялық, Бірінші Мамыр ауылының Тағайна ауылында тұратын Төле би бабаның ұлы Ниязбек атадан тарайтын бүкіл бір әулет атасы қазақ екенін естен шығарып өзбектеніп кетті. Маған сенбесеңіздер, барып сөйлесіп, әңгімелесіп көріңіздер. Лондонда тұратын осы елдің азаматтығын алған кейбір қазақтар ұл-қыздарын қазаққа үйлендіргісі келмейді, өзге ұлттармен құда болғысы келеді. Себебі, қызын қазаққа ұзатса, ата-енесі басын игізіп сәлем салдырып, орамал тарттырып қорлайтын көрінеді. Осындай қазақсымақтарды қазақтың қатарына қосар ма едіңіз? Лондонда ұлым көшеде келе жатса, жасы 80-90-ға келген таяқ сүйенген қытайдың кемпірі қытай тілінде тіл қатыпты. Балам оған ағылшын тілінде сөйлеп, қытай тілін білмейтінін айтыпты. Сол кезде өлгі төрінен көрі жақын қытай кемпірі: «Өзің қытай бола тұра, бір ауыз неге қытайша білмейсің!» деп ренжітті. Ұлым өзін қытай емес, қазақ екенін, өзі де, балалары да үйінде тек ана тілінде – сөйлесетінін айтқан соң барып кешірім сұрапты. Осы ұлым АҚШ-та жоғары оқу орнында оқып жүргенде, үлкен аудиторияда қазақ халқының әр-бірі тарихы, тілі мен ата дәстүрі, салты, тұрмыс-тіршілігі, жеті атаға дейін қыз алыс-

пайтындығы жөнінде ағылшын тілінде баяндама жасапты. Тек америкалықтар ғана емес, осында жиналған көптеген шет елдіктер әлемде осындай да ең таза халық болады екен-ау, деп таң қалыпты.

Жер жүзінде 40-тан астам түркітілдес халық болса, жалпы саны 180 миллионнан асса, сол түркілерден тараған 25 халық Қазақстанда тұрады. Кеңес дәуірінен бері осы одақтың құрамында өмір сүрген көптеген түркі халықтары ана тілі мен дәстүрін ұмытып, жер бетінен мүлдем жойылып кетті, көпшілігі құрып кетудің аз-ақ алдында тұр. Мәселен, чуваш, хакас, шор, қырымшық, қарайым, гагауыз, тофа, құман және басқа түркі тілдері мүлдем жойылған.

Лингвист мамандардың болжамынша, бүгіндері әлемде 6000-нан астам тіл болса, солардың 600-іне ғана жуық арада жойылып кету қаупі төнбейді екен.

Әлем тілдерін зерттеп жүрген белгілі лингвист ғалым Майкл Краустың пікірінше, адамзат тілінің 90 пайызы өледі. Әлемде 600 тіл ғана қалады. Ал осы ғасырда тілдердің 50 пайызы ғана өмір сүреді. Оның айтуынша, 100 жылда 1200 ай болса, әр айда 2 тілден өледі екен.

Краус жойылу қаупі төнген тілдерді 5 санатқа бөледі.

Біріншісі, қауіп төне бастаған тілдер. Олар әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан қажетсіз деп танылған, үлкен тілдердің қыспағына түскен тілдер. Басты белгісі – алдымен бұл тілде сөйлейтін жастар азая бастайды.

Екіншісі, қауіпті қатер төнген тілдер. Бұл халықтың жас ұрпағы өз тілінде сөйлегісі келмесе, онда оған қатер төнді деп есептей беріңіз.

Үшіншісі, қатер төне бастаған тілдер. Бұл тілде жақсы сөйлейтіндер – жасы елуден асқандар.

Төртіншісі, өле бастаған тілдер. Бұл тілде тек қартайған адамдар ғана сөйлейді.

Бесіншісі, жойылған тілдер. Бұл тілде тек қартайған адамдар ғана сөйлейді. Дәлірек айтсақ, бұл тілде сөйлейтін бір адам ғана қалған тіл. Әлемде 5 мың тірі тілдің ай сайын екеуі өледі.

Тілді ажал аузында деп қай кезде айтуға болады? Сол тілде сөйлейтін ұрпақ одан безінген кезде. 20000 сөйлеуші ғана қалған тілдерді қатер төнген тіл деп санасақ, дәл қазір әлемнің 4000 тіліне тікелей қара бұлт үйіріліп тұр. Соның ішінде 51 тілде бір-бір адам ғана сөйлейді. Оның 28-і Австралияда, 8-і Америкада, алтауы – Азияда, үшеуі – Тынық мұхиты аралдарында.

Кеңестік дәуір басталғанда тек ана тілінде сөйлейтін, ұлттық дәстүрін ұстанатын сибірге тілдері түркітілдес халықтар тілдерін ұмытқаны былай тұрсын, аты-жөндеріне дейін орыстанып кетті.

Енді сіз қазақтың тілін жоғарыда айтқан тілдердің қайсысының қатарына қосар едіңіз? Қазақ тілін құрдымға, ұлтымызды жер бетінен мүлдем жоғалтуға алып бара жатқан өзгелер ме, әлде қазақтың өзі ме? Әлемдегі ұлтының болашағын, ана тілі мен дәстүрін ең алдымен ойлайтын халық балаларына бастауышта, тіпті 7-8 сыныпқа дейін тек ана тілінде – мемлекеттік тілде оқытып, тәлім-тәрбие береді. Содан кейін барып, жоғары сыныптарда оқушы ана тілінен өзге қай тілде қосымша білім алғысы келеді, ол өз еркі, мемлекет тарапынан мәжбүрлемей тиіс.

Біздің Қазақстанда – қазақтарда ше!? Бастауыш мектеп былай тұрсын, балабақшалардың өзінде әлі аузындағы ана сүті кеппеген сәбилерге ағылшын тілін оқытып, ойын балаларының миын ашытып жүр. Бұл аз десеңіз, балаларға арналған «Балапан» бағдарламасы да балабақша мен бастауыш мектепке барған балапандарымыздың миын ағылшынша ашытуға көшкен. Осының бәрін күнде көріп, күе болып отырған соң ана тілімізді, ұлттық қасиеттерімізді басқалар емес, қазақтардың өздері жойып жіберуге құлшына кірісіп жүргендеріне қалайша ренжімейсің енді.

Қазақтың білім саласына келген әр министр өзінше бір реформа жасап, ұстаздар мен балалардың миын атала етуден әлі күнге дейін шаршамай келеді. «Жеті тілді білген ер, жеті жұрттың қамын жер», – деп қазақ атамның өзі өсиет қалдырғаны рас. Мұнысы, «ана тілінді

мүлдем ұмытып, қазақ болудан қал», – деп айтқан өсиеті емес қой. Отбасында ұлтжандылыққа баулыған, тәрбие көрген, мектепте білімді, білікті ұстаздан білім мен өнеге алған қазақтың дарынды балаларының бәрі жоғары сыныптың өзінде-ақ өзі қалаған шет тілін оқып, игеріп кете алады. Мұны күнделікті өмірдің өзінен көріп жүрміз.

Лондонға барғанымда, ағылшын мектептерінде болып, өзімше зерттеген болып көрдім. Мәселен, Лондон қаласы тұрғындарының 50 пайызын ғана таза ағылшындар, қалған 50 пайызын әлемнің әр түркілерінен келген 350-ден астам басқа түрлі ұлттың өкілдері құрайды. Бұл елде бала мектеп табалдырығын 4 жастан бастап аттап, 7 жыл бойы бастауышта оқиды. Бастауышта ағылшын тілінен өзге бірде-бір шет елдің тілі оқытылмайды. Жоғары сынып оқушылары өз қалаулары бойынша француз немесе испан тілін оқып, үйренуі мүмкін. Орыс тілін оқуға құлшыныс танытып жатқан шәкірттер тым сирек, мүлдем жоқ десе де болады. Алдағы күндері әбден орыстанып, ана тілі мен дәстүрін естен шығарып, өзге ұлттардың құрамына сіңіп бара жатқан қазақтың кейінгі ұрпақтары ендігі жерде ағылшын болып кетпекші ме?

Қазақтың аты аңызға айналған даңқты батыры, ұлы тұлғамыз Бауыржан Момышұлының мына бір сөзі еріксіз еске түседі: «Оттан да, оқтан да қорықпаған Бауыржан едім. Кейінгі кезде қорқынышым көбейіп барады. Балаларына бесік жырын айтпайтын келіндерімнің азайып бара жатқанынан қорқам, екінші немерелеріне ертегі айтпайтын әжелердің азайып бара жатқанынан қорқам, үшінші, қазақпен қазақ кездесе бір-бірімен қазақша сөйлеспейтінінен қорқам. Өйткені бесік жырын естіп, ертегі тыңдап, ана тілінде сөйлеп, дәстүрді бойына сіңіріп өспегеннің көкірегі көр бола ма деп қорқамын. Ал көрдің қолына балта берсең шаба салады, бақыр берсең ала салады, найза берсең сұға салады. Мен табиғатынан, тағдырынан болған соқырлықты айтып отырғаным жоқ, тауып алған соқырлықты айттам. Егер ондай соқырлықтан жазылмасақ, халық болудан қаламыз ба деп қорқам», – деген екен.

Бұл қорқыныш ойы мен санасы ояу, ақылы мен есі бүтін, халқының бүгінгі мен болашағын ойлаған өзін нағыз қазақпын деп санайтын әрбір азаматты терең ойға қалдырып, мазалауы тиіс. Ашығын айтқанда, бүкіл қазақ жерінде ана тіліміздің, ұлттық дәстүріміздің, салтымыздың бояуын бұзбай сақталып қалуына Оңтүстік халқының, әсіресе Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан (қазіргі Түркістан), Қызылорда облыстарында тұратын бауырларымыздың себепкер болғанын мойындауымыз керек.

Әлемге тараған түркі халықтарының түпкі Отаны бүгінгі қазақ даласы екендігін дәлелдеп жатудың қажеті аз. Түрколог ғалымдардың өзі көне түркі тілін түсіну үшін ең алдымен қазіргі қазақ тілін жетік білу қажеттігін жиі сөз етіп жүр. Алаш кезеңіндегі ұлы ұстаз Ахмет Байтұрсынов заманында да түріктердің, татарлардың өзге түркітілдес халықтардың лингвист ғалымдары бір-бірімен түсінсетін ортақ тілі – қазақ тілі болуы керек деген нақты байламға келген. Өрісін айтпағанда, орта ғасырлардың өзінде Европа мен Азия халықтарының ортақ тілі қыпшақ (қазақ) тілі болғаны тарихтан мәлім.

Кезінде Махмұд Қашқари бабамыз түркі тілдерін солтүстік және оңтүстік деп, әрқайсысын он-оннан екі топқа бөліп қарады. Солтүстігіне печенегтерді, қыпшақтарды, оғыздарды, яғмаларды, башқұрттарды, қырғыздарды және басқаларды, Оңтүстігіне шігіл, тухси, яғма, играк, жумыл, ұйғыр, хитайыл, табғаш тағы басқаларын қосқан.

Бүгінгінің қазағы қайда барады, қалай қарай жол тартты? Сонымен, көне түркі халықтарының ортақ тілі, салты мен дәстүрінің қаймағы саналған ана тіліміздің болашағы қалай болмақ? Әбден орыстанып болып, ендігі жолымызда балабақшадан, бастауыш мектептен жалғастырып, ағылшын тіліне жаппай көшіп, біртіндеп ұлт ретінде өзімізді өзіміз жою жолына түсіп кетеміз бе? Ұрпағымыздың, ана тіліміздің, ұлтымыздың кейінгі халі – болашағы мазалап жүрсе, аз да болса, сәл ойланып көрерсіздер.

Асыл жар еді



Болашақ жарым Кәдіркүл Оразбекқызымен институтта оқып жүргенде танысқан едім. Ол пединституттың филология факультетінің орыс бөлімінде оқитын. Онда кілең қыздар оқиды. Олармен бір оқу корпусында оқитындықтан, жиі араласып тұрдық. Күзгі мақта терімінде дала қосында бірге боламыз.

Бұл қыздардың көбісі орыс мектебін бітіргендіктен, мінездері ашық, еркін жүреді, ойын күлбілтелемей тура айтады. Сол қыздардың ішінде биязы, сабырлы, ішкі мәдениетімен төңірегіне танылған Кәдіркүл маған ерекше ұнады. Дәм-тұзымыз жарасып, алдағы өмірімізді бірге жалғауға уәделестік. Мен институт бітіргеннен кейін, Кәдіркүл біздің шаңыраққа келін болып түсті. Көп ұзамай, оның ата-анасын құдалыққа шақырып, отбасымен араласа бастадық.

Кәдіркүлдің әкесі Оразбек Деңгелбаев Жаңақорған – Түркістан темір жолына қарасты разъездерде теміржолшы болып істепті. Жұмыс жағдайына байланысты бір орыннан екінші орынға ауысып отырған. Разъезде небәрі 3–4 үй ғана тұрады. Мектебі жоқ. Кәдіркүл мектеп жасына жеткен соң, алғашқыда Беларусь станциясындағы бастауыш мектепте анасының сінлісінің қолында жүріп оқиды. Бастауышты бітірген соң, Сырдың арғы бетіндегі нағашысының үйінде жүріп, жетінші сыныпты бітіреді. Оның жастық шақтағы өмірінің көбі сыртта өтеді.

Анда-санда демалыстан үйге келгенінде анасы:

– Қызым үйді сағынып келді. Еркін жүрсін, – деп үй шаруасына көп араластырмайды. Бұл кезде Кәдіркүл ауыл кітапханасындағы әдеби кітаптарды түгел оқып шығады. Әдебиетке құштарлығы артады. Әкесі қызы жетіншіні бітіргеннен кейін:

– Осы оқуың да жетер. Онан да анаңа жәрдем бер, – деп ары қарай оқытқысы келмейді.

Сонда қызы:

– Әпкем Әмірекүлді де оқытпадыңыз. Жастай күйеуге бердіңіз. Енді мені де оқытпай, үйде қамап ұстамақсыз ба? Егер осыдан бар ғой оқуға жібермесеңіз, милицияға шағымданамын, – дейді қарсылық көрсетіп.

– Ой, мына қыз қайтеді-ей? Түрі жаман ғой! – дейді әйеліне қарап.

– Қызыңның бетін қақпа. Талабы бар екен, оқысын, – дейді анасы қызының оқығанын құп көріп.

Сонымен, әкесі қызының әрі қарай оқуына келісім береді. Кәдіркүл Түркістандағы педучилищеге түсіп, оны жақсы бітіріп шығады.

Қызы Түркістандағы педучилищені бітірерде, әкесі сол маңдағы бастауыш мектепке мұғалім етіп орналас-тырмақшы болады. Қызы:

– Ары қарай оқуымды жалғастырайын, – дегенде, әкесі:

– Мектеп басшысымен келісіп қойдым. Мұғалім боп жұмыс істе. Сенің наныңды жейік те, – деп қызын одан әрі оқытқысы келмейді.

Осылай әрі-сәрі боп жүргенінде, Түркістан қаласында педучилище директоры И.Алтынбеков ағайы жолығып қалады. Ағайы жағдайын сұрайды.

– Қызым, сені оқуға кетті ме десем, әлі жүрсің бе?

– Әкем ауылдағы мектепке мұғалім боласың деп жібермей отыр.

– Оқудан қалма, қызым. Жұмыс істеуге әлі үлгерсең. Оқуға қабылдау мерзімі бітуге таяп қалды. Тез жет. Өкеңмен өзім сөйлесемін, – дейді ұстазы. Сол кездегі ұстаздар қандай мейірімді еді, шәкіртінің қамын жеп, болашағын ойлаған.

Кәдіркүл асығыс-үсігіс жиналып, Шымкенттегі пединститутқа 31 шілде күні жетеді. Құжатын өткізіп болғанда, қабылдау комиссиясының мүшесі:

– Жарты сағат кешіккеніңде, қабылдау бітіп, құжатыңды қабылдамас едік. Үлгердің, жолың болады екен, – дейді. Қабылдау емтиханын ойдағыдай тапсырып, студент атанады.

Кәдіркүл анам үйде жоқта нан жаппақшы болады. Тандырға от жағып қыздырады. Наны тандырға жабыспай ағып түсе береді. Өбiгерге түседі. Жапқан наны күйелеш болып қалады. Нан жабудың әдіс-тәсілін білмеген ғой. Енесі Базаркүл келінінің тірлігіне кешіріммен қарап, оны үй шаруасына үйретеді. Зарығып көрген келінінің көңіліне қарайды. Келіні де енесінің ойынан шығып, келінін қызындай көріп сыйлайды.

Институтты бітірген соң, мені Сарыағаш ауданындағы Лермонтов атындағы орта мектепке жолдамамен жіберген. Жаңа оқу жылы басталарда жұмысқа кеттім. Ал Кәдіркүлдің әлі аяқталмаған екі жылдық оқуы бар еді. Мен кеткен соң, анам «Қой, келінімді оқуынан қалдырмайын» деп шешіп, үй-жайды көрші ағайынға тапсырып, Шымкентке көшіп келіп, сонда пәтер жалдап тұрады. Келіні оқуды бітіргенше сонда бірге тұрады. Келінінің сабақтан қалмауы үшін барлық жағдай жасайды. Үлкен ұлым Бақытжан сонда дүниеге келді. Келінімен бірге оқитын курстас қыздарын шақырып, немересін бесікке салады. Соңғы курста Кәдіркүл педагогикалық практикасын мен істейтін мектепте өткізді. Қыркүйек айынан желтоқсан айының басына дейін орыс тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ берді. Желтоқсанның басында: «Сабақ басталады» деген хабар келді. Оқуына кетті. Сонда оқу ісінің меңгерушісі Рақым Әшіров: «Саған қаражат керек» деп, бір айлық жалақысын толық жазып берді. Сабағын Р.Әшіров өзі жүргізді. Мамандығы оның орыс тілі пәні болатын. Міне, өмірде сондай жақсы адамдар да бар еді.

Мен Сарыағаштағы аудандық газетте біраз жұмыс істедім. Дипломын алған соң, Кәдіркүл осындағы Қ.Сәтбаев атындағы мектеп-интернатқа мұғалім болып орналасты. 2-3 жылдан кейін туған ауылдағы Қаратөбе орта мектебіне ауыстық. Ол өз мамандығы бойынша зейнеткерлікке шыққанша сабақ берді. Үш ұл, екі қызды дүниеге әкелді. Анам немерелерінің бәрін бауырына салып өсірді. Келіні анамның қас-қабағына қарап, туған анасындай сыйлады. Базарға барса, әдемі мата көрсе: «Мынау апама жарасты екен» деп, сатып алатын. Енесінің жеңсік тағамдарын әкеліп қуантатын.

Жазғы еңбек демалысына шыққанда, балалардың үлкенін апама қалдырып, кішкентайымызды алып, қайын жұртқа Жаңақорған ауданы «Талап» кеңшарына бір-екі апта қыдырып қайтатынбыз. Кәдіркүлдің ата-анасы құдайға қараған қарапайым адамдар еді. Қоңыртөбел өмір сүрді. Мені өз баласындай көрді.

Қайын атам зейнеткерлікке шығып, туған жердегі туыстарына көшіп келіп, үй салып алады. Соғыс жылдарында шойын жолда істеп, майданға пойыздардың күні-түні кідіріссіз жөнелтуге барлық жағдай жасайды. Ерен еңбегі үшін «Еңбек Қызыл ту» орденімен, «Еңбектегі ерлігі үшін» т.б. орден, медальдармен марапатталады. Біз барған сайын, Кәдіркүлдің сыныптастарын шақырып, уақытымызды көңілді өткізуге тырысатын. Достары шаруашылықта, ауылдық кеңесте, мектепте істейтін өнерлі жандар еді.

Бір жолы осындай отырыста шаруашылықта бас маман болып істейтін Кәдіркүлдің сыныптасы қалжыңдап оған тиісе берді. Мен оны жақтырмадым. Менің көңіл-күйімді байқап Кәдіркүл:

– Немене, сен мені қызғанып отырсың ба? Бәрі менің жақын туыстарым, көңілді отыр, – деп ескерту жасады. Бір жағы ішкіліктің қызуы болар, мен көңіліме алып, өкпелеп қалдым.

Ертеңіне үйдегілердің бәрі ұйықтап жатқанда, ешкімге айтпай, қол таспай, ауылға қайтып кеттім. Ауылға келгенде, сол әбестігіме өкініп жүрдім. Шыны керек, ата-анасы енді қызын жібермей қоятын шығар деп қатты уайымдадым. Жоқ, бір айдан кейін Кәдіркүл ұлым Бақытжанды көтеріп келді. Сарыағаштың Қызыл ту стансасында күтіп алдым. Кейіндері Кәдіркүлдің төркініне қыдырып барғанымда, баяғыдағы ерескелдігімді бетіме баса ма деп қысылып жүрдім. Қайта менің келгеніме қатты қуанып жүрді. Кәдіркүлдің келгенін естіп, ағайындары, туыстары кезегімен қонаққа шақырады.

● Жадымда жүрер жаңғырып

Төркіндері қонақжай адамдар еді.

Қайын енем Сәлима кешкі тамақ даярлау алдында атамыздан:

– Қандай тамақ дайындайын? – деп сұрайды.

– Көшкінбайдан сұраңдар. Қалаған тамағын істеп беріңдер, – дейді атам. Қайын жұртым мейірімді, адамгершілігі жоғары жандар еді. Олар 4 ұл, 4 қыз өсіріп, бәрінің мамандық алуына жағдай жасады. Ұлдан үлкені Қуандық Оразбекұлы біз Сарыағашта қызмет істеп жүргенімізде, мектепті бітіріп келіп, қолымызда жүріп, Ташкенттегі мемлекеттік университеттің заң факультетіне құжат тапсырып, оқуға түсіп кетті. Оны бітірген соң, біраз жыл мамандығы бойынша жұмыс істеп жүріп, Ангрендегі педагогикалық институтта оқып, мұғалімдік мамандық алып шықты. Одан кейінгі өмірін біржолата журналистика саласына арнады. Сарыағаш, Түркістан аудандық, облыстық «Оңтүстік Қазақстан», республикалық «Жас Алаш», «Айқын», «Заң», «Қала мен дала» газеттерінде қызмет атқарды. Онда өзінің қаламгерлік қабілетін таныта білді. Проблемалық мақалалар жазды. Осындай ақпарат саласындағы үздік еңбегі үшін «Қазақстанның Құрметті журналисі» атағына ие болды. Түркістан қаласының Құрметті азаматы, Қазақстанның білім саласындағы үздік қызметкері. Мемлекет басшысының Жарлығымен «Құрмет» орденімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Педагогика ғылымының кандидаты, Қазақ-түрік университетінің профессоры.

Жастайымнан газетке мақала жазса бастадым. Есейгеннен кейін де бұл өнерімді тастамадым. Кәдіркүл мақалаларымды оқып, пікірін айтып отырушы еді. Бірде менің жазғандарыма көңілі толмай:

– Оқырманның талабынан шығатын дүние жазсайшы. Немене ұсақ-түйекті жазасың, – деп ескерту жасады. Менің сыншым да болды.

Кәдіркүл Оразбекова педагогтік қызметін адал атқарды. Жүздеген шәкірттерді білім нәрімен сусындатты. Өз ісіне жауапкершілікпен қарады. Жүріс-тұрысымен, ісімен, сөзімен ауылға, мектепке үлгі болды. Ауыл тұрғындары арасында «Кәдіркүлдей ұстаз бол» деген сөз тарады. Ағайын-туыс, көрші арасында қадірлі болды. Өмірден аяулы жан, ана, адал жар ретінде өтті. Дүниеге, жылтырақ нәрсеге қызықпады. Өсек-аяннан аулақ жүрді. Біреуді сыртынан ғайбаттамады, біреудің ала жібін аттамады. Ұл-қыздарын да солай тәрбиеледі. Ешкімнің көңілін қалдырмады.

Бірде кенже ұлым Бауыржан бауды суару үшін су айдап келе жатып, арықтың жағасынан алтын баулы сағат тауып алады. Шай ішіп отырғанымызда, әкеліп сағатты қолыма ұстатты.

Анасы:

– Қайдан тауып алдың? – деп ұлын тергей бастады.

– Арықтың жағасынан.

– Бар. Сағатты тауып алған жеріңе апарып таста. Біреу зар илеп іздеп жүрген шығар, – деді. Қоймай, ұлына сағатты тауып алған жеріне апарып тастатқызды.

Ұлым далаға шығып кеткен соң:

– Бала сағатты біреуден ұрлап алған жоқ қой. Неге сонша жазғырасың? – дедім.

– Балаға қой демесең, жаман әдетке үйреніп кетеді. Ондайдан аулақ жүрсін, – деді. Уәжді сөзге мен үндемедім.

Шәкірттерін, өз ұл-қыздарын адал, жаман әдеттен аулақ жүруге, еңбекқорлыққа, жаман мен жақсының парқын түсінуге тәрбиеледі. Балаларымыздың бәрі мектепті медальмен бітірді. Бәрі жоғары білім алды. Екі ұлымыз ғылым докторы атанды. Екі қызым медициналық институтты бітірді. Осының бәрі ана тәрбиесінің жемісі еді.

Анамның келіннен салымы болды. Немере, шөбере сүйіп, 76 жасында қайтыс болды. Ал Кәдіркүлдің анасы 98 жыл жасаған еді. Соған қарап, қызы да көп жасайтын шығар деп ойлап едім. Бірақ Кәдіркүл 74 жасында өмірден өтті. Алматыдағы медициналық институтты бітіріп, жаңадан тұрмысқа шыққан үлкен қызым Гүлбану тосыннан қайтыс болды. Басы-қасы жүрген ананың жүрегі шыдамады-ау деймін. Жүрегін ауыртып, ақыры содан қайтыс болды. Тірі болғанда, сексен жасқа келер еді.

Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын!

К.ЕЛІКБАЕВ.

М.Әуезов атындағы жалпы білім беретін мектеп ұжымы осы мектептің мұғалімі Шафикова Нафисаға және техникалық қызметкер Шафикова Венераға анасы

СПАНДИЯРҚЫЗЫ Хажарбүінің

қайтыс болуына байланысты көңіл айтып, қайғысына ортақтасады.

Момынай жалпы білім беретін мектебінің ұжымы осы мектеп директорының бейіндік оқу жөніндегі орынбасары Исаев Серікке анасы

НҰРЖАНОВА Ұлбосын Әбілдақызының

қайтыс болуына байланысты көңіл айтып, қайғысына ортақтасады.

Бірінші Мамыр жалпы білім беретін мектебінің ұжымы осы мектептің педагог-психологы Ергешева Гүллайымға анасы

КҮНТУОВА Күлбаранның

қайтыс болуына байланысты көңіл айтып, қайғысына ортақтасады.

М.Әуезов атындағы жалпы білім беретін мектеп ұжымы осы мектептің мұғалімі Исаев Сәкенге анасы, кезінде білім ордасында іс жүргізуші болып қызмет атқарған әріптесіміз

ӘБІЛДАҚЫЗЫ Ұлбосынның

қайтыс болуына байланысты көңіл айтып, қайғысына ортақтасады.

Жарамсыз деп табылсын

Туғанбаев Гамзат Серикбаевичке ҚР ҰҚК шекара қызметінің Түркістан облысы бойынша департаменті берген №026401 қызметтік куәлік жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

Токбергенов Нураш Менлитаевичтің меншігіндегі «Hyundai Sonata» маркалы автокөліктің 969LXA13 мемлекеттік тіркеу номері (алдыңғы) жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

Түркістан облысы білім беруді дамыту орталығының жұмыс жоспарына сәйкес Ленгірдегі №7 IT мектеп-лицейінде «Сабақты зерттеу – сапалы сабақ кепілі» тақырыбында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұға-

білім сапасын жетілдірету жұмыстарын қолға алу мақсатында ұйымдастырылған облыстық семинарға Түркістан облысы білім беруді дамыту орталығының қазақ тілі мен әдебиеті пәні әдіскері А.Аблаева,

сында педагогтар сабақтарға еніп, шебер сыныптар өтті.

Семинарға қатысушылар сабақ барысында кәсіби шеберлігін, педагогикалық ұстанымы мен біліктілігін көрсете білген мұғалімдердің еңбегін

Педагогтарға арналды



лімдеріне арналған облыстық семинар өтті.

Оқыту үдерісіндегі тәжірибені жақсартуды және жетілдіруді зерттеу; оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілетін,

аудандық білім бөлімінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні әдіскері Н.Лесбекова және облысымыздың аудандарынан келген мұғалімдер қатысты. Семинар бары-

бағалап, ұсыныс-пікірлерін білдірді. Қатысушылар тарапынан облыстық семинарға «өте жоғары деңгейде өтті» деген баға берілді.

«Төлеби-ақпарат».

Облыс чемпионатының жүлдесі

Спорт

Қаңтардың 18-20-сы күндері Кентау қаласында Бекзат Саттарханов атындағы №1 БЖСМ спорт кешенінде 2007-2008 жылы туған жасөспірімдер арасында самбодан Түркістан облысының чемпионаты өтті. Дүбірлі сайысқа облыс көлеміндегі барлық спорт мекемелерінен 300-ге жуық жас самбошылар қатысты. Аламан бәйгеде аудандық №3 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің шәкірттері де өз өнерлерін көрсетті.

Шәкіртіміз Тілеуберді Сапаржан 88 кг салмақ дәрежесінде II орынға қол жеткізіп, чемпионаттың күміс медаліне ие болды. Чемпионаттың жүлдегер спортшылары Түркістан қаласында ақпан айының 5-9-ы күндері өтетін Қазақстан Республикасының чемпионатына жолдамаға ие болды.

Ал қыздарымыз Ұзақбаева Ақжібек 44 кг салмақта, Ахметова Салтанат 78 кг салмақта Азия чемпионатының жүлдегерлері әрі Түркістан облысының чемпиондары болғандықтан, республикалық



Суретте: марапаттау сәтінде самбодан Түркістан облысының чемпионатында күміс жүлдегер атанған Тілеуберді Сапаржан және бапкері М. Нәбиев.

чемпионатқа ешқандай іріктеусіз-ақ қатысатын болды.

Шәкірттерімізге және жаттықтырушылары самбодан Әлем чемпионы Мәди Нәбиевке алдағы уақытта болатын ҚР Чемпионатында сәттілік серік болып, жеңіс тұғырынан көрініп, алтыннан алқа тағуларына тілектеспіз!

Н.КЕНБАЕВ,
аудандық №3 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің әдіскері.

ТЕЛЕФОНОФОБИЯ

Әзіліңіз жарасса

Менде өз телефонымды көтеруге қорқамын. Мұны «телефонофобия» дейді екен. Фобия-грек сөзі. Негізсіз нақты үрей туғызатын жағдай. Биіктік, жылдамдықтан қорқатын фобиялар да барға ұқсайды. Сұрауларыңыз мүмкін. Өзгесі дұрыс, ал енді телефоннан қорқатыны несі деп. Айтайын. Бірде телефоным әндете жөнелді. Қоңырауға Ерке Есмаханнның «Алло» деген әнін қойған болатынмын. Алдым. Салық комитетінен болып шықты! Жер салығын төлемепін. Төлеген сияқты едім. Айналайын агенттерге амал бар ма, қайтейін, өсімімен төледім.

Мына қоңырауға түсінсем бұйырмасын. Алмайын деп тұрып, алдым. Ескерту сот орындаушысынан келіпті. Зерезап деген осы шығар, өз телефоным өзіме жексұрын көрініп, бойымды қорқыныш билей жөнелді. Осыдан кейін қайтіп фобияға ұшырамайын.

Былай деді ол:

– Көлігіңіздің штрафын төлеңіз. Оған менің қызмет ақымның кіретінін де ұмытпаңыз. Үш күннің ішінде төлемесеңіз, мәжбүрлеп өндіреміз, деп саңқылдап тұр. Осы дұрыс естіп тұрмын ба, жоқ па деп байланыс жақсы ұстайтын жерге барып сөйлестім. Тағы да сол. Өн бойым қалшылдап қоя берді. Не дейін, жол полицейі хаттаманы бірден сотқа өткізіп жіберген ғой. Болмаса бұған дейін көңілді жүрген болатынмын.

Фобия деген осы шығар. Газдан смс келе ме,

телефонымды сөндіріп, тастаймын. Су, жарықтан қоңырау шала ма, естімеген боп, ұмыт қалдырамын.

Бірде қалшылдаған қалпы су басқармасының өзіне бармақ болдым да, ойлана қалдым. Өзін сыйлайтын зиялыларға ұқсап, неге алдымен психологтың кеңесін алмайын деп. Алдым да. Оның ақылы: Менде проблема жоқ деп телефоныңызды сеніммен көтеріңіз дейді.

Қандай жетіспеушілік болсын, өмірдің тәттілігін сезініп, күліп жүруім керек екен!

Мені ауру деп ойласа керек. «Көзіңізді жұмып, сұқ саусақтарыңызды түйістіріңіз» деді. Түйістірдім. Сосын сөндіргені әрбір адамда қорғану аурасы болады. Біреуде бір метр, басқада үш метрге дейін қоршап тұрады.

«Осы аура әлсіз болса кісінің иммунитеті төмендеп, фобияға беріледі» дейді. Біз осыны білмейді екенбіз.

Ау, мен берілейін деп беріліпін бе, телефоныма «төлетеміз», «мәжбүрлейміз» деп дүңкілдеген хабарлама түсіп жатса, қалай берілмейін!

Қысқасы, психологтан рухтанып, өзімді батыр сезініп шықтым. Үйге келсем, теледидарда шалбарының балағы тар бір әнші әнді ағылшынша орындап жатыр.

Мен де қосылып ыңылдай жөнелдім. Кенет телефоным қоңыраулата қалсын. Өткен айдың төлемі, су, газ, жарықтан келіпті. Дірілдей бастадым. Неге? Жалақымның мөлшерін білем ғой. Рефлекс деген осы! Фобия деген пәледен қалай құтылсам екен?

Ералхан ЖЫЛҚЫАЙДАРҰЛЫ.

Зағамбар ауылы.

Психологиялық семинар-тренинг

Тәрбие және білім беру жүйесінің мақсаттары мен міндеттерін іске асыру үшін балалардың психикалық салауатты және үйлесімді тұлғасын қалыптастыру, мектеп ұжымындағы психологиялық ахуалды жақсарту, ата-аналарға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету, келеңсіз жағдайларды болдырмау, алдын алу жұмыстарын жандандыру мақсатында аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында психо-профилактикалық бағытта «Салауатты өмір қалыптастырудағы психологиялық қызметтің ықпалы және жетілдіру жолдары» тақырыбында Алатау жалпы білім беретін мектебінде екікүндік семинар-тренинг өтті. Алдын-ала бағдарлама түзіліп, «Психолог-ADVISER» жобасы аясында ауданымыздың тәжірибелі педагог-психологтарынан топ құрылды. Олар 5-11-сынып оқушыларының сабақтарына еніп, тренинг сабақтар өтіп, сауалнамалар алды. Мектептің акт залында өткен «Ғажайып психология өлемі» атты іс-шарада тренингке қатысқан оқушылармен кері байланыс орнатылды.

Бағдарламаның екінші күні аудандық білім бөлімінің әдіскері Дарганова Әсел Қалиярқызы мектептің педагогикалық ұжымымен «Ұжымда қалыпты әлеуметтік-психологиялық ахуал қалыптастыру», «Психокоррекциялық тәсілдер арқылы оқушылардың эмоционалды жағдайын тұрақтандыру, әлеуметтік дағдыларын дамыту және мінез-құлық мәселелерін шешу арқылы олардың психологиялық және әлеуметтік бейімделуін жақсарту» тақырыптары аясында коучинг-сабақтар өткізді. Күннің екінші жартысында жаңа форматтағы «Ақылдасу сағаты» аясында ағартушылық бағытта ата-аналармен семинар-тренинг ұйымдастырылды. Екікүндік бағдарлама ақпараттық-түсіндіру жұмыстарымен қорытындыланды.

«Төлеби-ақпарат».



Біздің мекен-жайымыз: 161101, Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Ленгір қаласы, Төле би көшесі, 111 "б" үй.

Меншік иесі: «Төлеби туы kz» қоғамдық-саяси газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**ЖШС ДИРЕКТОРЫ –
БАС РЕДАКТОР
РАХМАНҚҰЛОВ
Әбдімәлік
Түймебекұлы**
8-701-408-72-32

Бас редактордың орынбасары
Орынбасар СҮТТІБАЕВ (экономика және руханият)
8-706-413-11-56.
Бөлім меңгерушісі Аққан ИМАНАЛИЕВА
(әлеумет, бұқарамен байланыс)
6-23-23, 8-702-494-81-71
Бас есепші Жанар ЕРЕЖЕПОВА
8-705-887-51-61.
Дизайнер Нүргүл Мамытханова
8-777-918-03-35 (жарнама)

Газеттің осы нөміріне жауапты кезекші
Аққан ИМАНАЛИЕВА.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, «АР-принт-1» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Баспахананың мекен-жайы:
Шымкент қаласы,
Тәшенов көшесі, №24 үй.
Газетке жазылу индексі 66744
Таралымы 3022 дана. Тапсырыс №

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Редакция материалдардағы фактілердің дұрыстығына автор жауапты екендігін ескертеді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұны үшін редакция жауап бермейді.

«Төлеби туы» газеті Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2013 жылғы 20 маусымда тіркеліп, №13693-Г күлігі берілген.